



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІШКІ САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАТТАРЫН, ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ МЕН БАҒЫТТАРЫН БЕКІТУ ТУРАЛЫ

ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:
1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы ішкі саясатының негізгі қағидастары, құндылықтары мен бағыттары бекітілсін.
2. Осы Жарлықтың орындалуына бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.
3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының
Президенті**
Қ.Тоқаев
Астана, Ақорда, 2025 жылғы 5 қараша
№ 1081
Қазақстан Республикасы
Президентінің
2025 жылғы 5 қарашадағы
№ 1081 Жарлығымен
БЕКІТІЛГЕН
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ІШКІ САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ
ҚАҒИДАТТАРЫ, ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ
МЕН БАҒЫТТАРЫ

Кіріспе
Ішкі саясат – елді тұрақты дамыту үшін мемлекеттік институттарды жұмылдыруға және нығайтуға арналған мемлекеттік саясаттың аса маңызды саласы.

Қазақстанның жан-жақты жаңғыруына байланысты ішкі саясаттың негізгі қағидастарын, құндылықтарын мен бағыттарын бір жүйеге келтіретін жеке тұжырымдамалық құжат қабылдау қажеттігі туындады.

2022 жылғы конституциялық реформа еліміздің жаңа тарихындағы маңызды оқиғаның бірі болды. Бұл реформа мемлекеттің негізгі институттары арасында билік өкілеттіктерін қайта бөлу арқылы барынша әділ және жүйе құруға септігін тигізді.

Сондай-ақ, нарық қағидастарына, адал әрі еркін бәсекелестікке, ресурстарды әділ бөлу ұстанымына негізделген жаңа экономикалық саясатқа көшу үдерісі басталды. Ұлттық экономиканы дамыту ісі азаматтардың әл-ауқатын жақсартуға, Қазақстанның өңірдегі көшбасшылық рөлін сақтауға және халықаралық беделін күшейтуге бағытталған.

Әлеуметтік-гуманитарлық салада ауқымды өзгерістер жүзеге асырылып жатыр. Ғылым, білім және мәдениет озық ойлы ұлт болуға ықпал ететін басты үш тірек ретінде жарияланды.

Сонымен бірге, қазір әлемде геосаяси, экономикалық, климаттық, демографиялық және көші-қон факторларынан туындайтын түбегейлі өзгерістер жүріп жатыр. Жаппай цифрландыру ісінің және жасанды интеллектінің негізінде жаңа технологиялық тәртіп қалыптасып келеді. Бұл үдерістер қазіргі заманғы қоғамдардың әлеуметтік құрылымдарына, соның ішінде Қазақстанға едәуір ықпалын тигізеді.

Сондықтан, елді жүйелі жаңғыртудың жаңа кезеңінде мемлекет алдында ішкі саясат саласына қатысты мынадай екі деңгейлі міндет тұр.

Біріншіден, еліміздің ішкі және сыртқы ахуалға тиімді бейімделуін қамтамасыз ету керек.

Екіншіден, мемлекеттік институттар мен қоғамның жасампаздық бағыттағы өзара іс-қимылының негізгі қағидастарын айқындау қажет. Бұл құжат ел дамуының келешегіне қатысты мемлекет пен қоғамның ортақ көзқарасын қалыптастыруға септігін тигізеді.

Құжаттың нормативтік және құқықтық негізі – Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының заңдары, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтары, Қазақстан Республикасының өзге де

нормативтік құқықтық актілері.
Құжат Президенттің Қазақстан халқына Жолдаулары мен Қазақстан Республикасы Президентінің сөздері, Қазақстан Республикасының 2029 жылға дейінгі ұлттық даму жоспары негізінде, Ұлттық құрылтай мүшелерінің, мемлекеттік органдардың, қоғамдық және ғылыми ұйымдардың ұсыныстары ескеріле отырып әзірленді.

Ұсынылған басты қағидастар, құндылықтар мен бағыттар негіздемелік сипатқа ие болып, мемлекеттік органдардың ішкі саясат саласындағы жұмысын ұйымдастыратын маңызды бағдарлар мен тәсілдерді ғана анықтайды.

1-тарау. Ішкі саясаттың мақсаты мен қағидастары

1. Ішкі саясаттың мақсаты – мемлекеттілігімізді және ел бірлігін нығайту, елді тұрақты дамыту үшін қоғамдық-саяси ахуалдың тұрақтылығын қамтамасыз ету.

Басты идея – баршаға бірдей мүмкіндік беретін ашық, қуатты және дамыған ел, жауапты әрі өркениетті қоғам – Әділетті Қазақстанды құру.

Оны жүйелі жүзеге асыру үшін ішкі саясаттың «Заң мен тәртіп», «Халық үніне құлақ асатын мемлекет», «Өртүрлі көзқарас – біртұтас ұлт», «Күшті Президент – Ықпалды Парламент – Есеп беретін Үкімет», «Адал азамат», «Таза Қазақстан» сияқты қағидастары қалыптастырылды.

Мемлекет құру ісінің осы әмбебап қағидастары ауқымды қоғамдық диалог жағдайында ұлтты одан әрі ұйыстыруға бағытталған.

2. Ішкі саясаттың қағидастары

«Заң мен тәртіп» қағидаты
«Заң мен тәртіп» қағидаты – құқықтық мемлекеттің іргетасы, азаматтардың қоғамдық және жеке қауіпсіздігін қамтамасыз ететін негізгі алғышарт.

Барша азаматтың заң алдында тең болуы, заң бұзған адамның жазасыз қалмауы, жоғары құқықтық мәдениет қоғамдағы әділеттіктің негізі әрі өлшемі саналады.

Іс жүзінде бұл қағида сөздердің және құқық қорғау құрылымдарының тиімді жұмыс істеуі, цифрлық технологияларды, жасанды интеллектіні енгізу арқылы құқық қолдану тәжірибесін жетілдіру және құқық қорғау жүйесіне қоғамның сенімін арттыру жолымен жүзеге асады.

Заңдылық пен тәртіпті қамтамасыз ету үшін мемлекеттік органдар мен азаматтардың күш-жігерін жұмылдыру қажет.

«Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидаты

«Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидастың түпкі мәні – азаматтардың талап-тілегіне әділ және уақтылы ден қою, мемлекет пен қоғам арасында тұрақты әрі жүйелі диалог орнату.

Іс жүзінде бұл қағида тікелей диалог, яғни, мемлекеттік органдар басшыларының халықпен кездесуі, сарапшылардың пікірталас алаңы, өкілді және консультативтік-кеңесші органдар арқылы жүзеге асырылады. Сонымен қатар, ашық үкімет порталы, «E-petition» онлайн-петициялар институты, азаматтар өтініш білдіретін «E-Otinish» порталы сияқты пәрменді цифрлық байланыс арналары іске қосылуда.

Осындай ашық әрі нысаналы жұмыс мемлекеттік институттар мен қоғам арасындағы өзара сенімді нығайтуға мүмкіндік береді.

«Өртүрлі көзқарас – біртұтас ұлт» қағидаты

«Өртүрлі көзқарас – біртұтас ұлт» қағидаты барлық мемлекеттік

шешімдер қоғамның пікірі ескеріле отырып, елдің мүддесі үшін инклюзивті тәсіл аясында қабылданады дегенді білдіреді.

Бұл қағида азаматтардың референдум мен сайлауда дауыс беруі, диалог алаңдары мен консультативтік-кеңесші органдардың жұмысы, қоғамдық пікірді тұрақты зерделеу арқылы жүзеге асырылады.

Азаматтардың ортақ ұстанымына негізделген әділ әрі тиімді шешімдер мемлекеттілігіміздің демократиялық тұғырын нығайтуға және елімізді орнықты дамытуға ықпал етеді.

«Күшті Президент – Ықпалды Парламент – Есеп беретін Үкімет» қағидаты

«Күшті Президент – Ықпалды Парламент – Есеп беретін Үкімет» қағидаты биліктің осы институттарының өзара үйлесімді әрекет жасайтынын білдіреді.

Президент институты – мемлекеттік басқару жүйесінің ең негізгі элементі және стратегиялық шешімдер қабылдау орталығы. Мемлекет басшысы реформалар жасау туралы бастама көтереді, мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттарын айқындайды.

Парламент азаматтардың мүддесін білдіре отырып, қоғамдағы өзекті мәселелердің кеңінен талқылануын қамтамасыз етеді және заңдар қабылдайды.

Үкімет атқарушы органдар жүйесін басқарып, реформалардың тиімді іске асырылуына жауапты болады.

Бұл басқару моделі билік тармақтары арасындағы оңтайлы тепе-теңдік сақталған әділ мемлекеттік құрылымның жаңа институционалдық дизайнын қалыптастырады.

«Адал азамат» қағидаты

«Адал азамат» – азаматтардың мінез-құлқы мен жүріс-тұрысының озық үлгісін қалыптастыруды және оны қоғамда орнықтыруды көздейтін қағида. «Адал азамат» – заңды сыйлайтын, білімді, отаншыл, жауапкершілікті сезінетін, саламатты өмір салтын ұстанатын, адал еңбегімен табысқа жетіп, қоғамда сый-құрметке бөленетін азамат.

Іс жүзінде бұл қағида білім беру мекемелеріндегі оқу-тәрбие үдерісі, ауқымды ағарту жұмысы, мәдени-гуманитарлық жобалар, заңнамалық бастамалар, сондай-ақ, салауатты өмір салтын дәріптеу арқылы жүзеге асырылады.

«Адал азамат» қағидаты озық және әділетті қоғамның негізі болатын құндылықтар мен идеалдарды айқындайды.

«Таза Қазақстан» қағидаты
«Таза Қазақстан» қағидаты барша азаматқа ортақ жасампаз ой-сана жүйесін қалыптастырады.

Тазалық пен тәртіпті сақтау, тарихи-мәдени мұраны қорғау, табиғатты аялау ұлттық мінездің ажырамас сипаты болуға тиіс.

Бұл қағида іс жүзінде қалалар мен ауылдарды абаттандыру, көгалдандыру және тазарту, экологиялық ортаны жақсарту, вандализм мен мәдениетсіздікке қарсы күрес ісінде мемлекет пен қоғамның күш-жігерін біріктіретін «Таза Қазақстан» жалпыұлттық жобасы аясында іске асырылады.

«Таза Қазақстан» – азаматтардың жауапкершілігін арттыра түсетін және қоғамда жаңа этика қалыптастыратын қағида.

Осылайша, ішкі саясаттың бұл қағидастары мемлекеттік құрылыстың бірыңғай бағдарларын айқындайды.

«Заң мен тәртіп» – құқықтық мемлекеттің негізі.

«Халық үніне құлақ асатын мемлекет» – өзара іс-қимыл құралы.

«Өртүрлі көзқарас – біртұтас ұлт» – өзара түсіністік орнату жолы.

«Күшті Президент – Ықпалды Парламент – Есеп беретін Үкімет» – басқару үлгісі.

«Адал азамат» – ойлау пайымы.

«Таза Қазақстан» – мінез-құлық пен жүріс-тұрыс этикасы.

Бұл қағидастың барлығы Қазақстан қоғамына тән өмір салтының және ел болашағының бейнесі – Әділетті Қазақстанның бірыңғай формуласын құрайды.

Әділетті Қазақстан – заң үстемдігі берік орнаған, демократиялық институттары мықты дамыған және азаматтардың конституциялық құқығы мен бостандығы мүлтіксіз қорғалатын мемлекет.

Әділетті Қазақстан – елдің дамуына елеулі үлес қосатын жауапты әрі еңбекқор азаматтар қоғамы. Бұл – тарихи тұғырына нық орнығып, алға ұмтылған озық ойлы қоғам. Қазақстан болашақта технологиялық тұрғыдан дамыған ел болуды көздейді.

Әділетті Қазақстан – жайлы өмір сүру, қызмет бабында өсу және бизнес жүргізу үшін баршаға бірдей мүмкіндік беретін мемлекет. Бұл экономикасы барлығы жағынан инновацияға, ауқымды цифрландыру үдерісіне негізделген және жасанды интеллект технологиясы жаппай енгізіліп жатқан, қарқынды дамитын ел. Бұл – азаматтардың әл-ауқаты мен тіршілігі сапасын арттыруға басты басымдық беретін мемлекет.

Әділетті Қазақстан – инвестиция мен адам капиталын тартатын өңірлік орталық. Өзінің ұлттық мүдделерін ойдағыдай ілгерілететін, әділ әрі орнықты әлемдік тәртіптің қалыптасуын қолдайтын орта держав.

2-тарау. Жалпыұлттық құндылықтар және нышандар

1. Жалпыұлттық құндылықтар
Кез келген қоғамда адамдар арасындағы және әлеуметтік ортадағы қарым-қатынас қашанда белгілі бір ортақ құндылықтарға негізделеді.

Осы мақсатта Ұлттық құрылтай мүшелері тәуелсіздік пен отаншылдық, бірлік пен ынтымақ, әділдік пен жауапкершілік, заң мен тәртіп, еңбекқорлық пен кәсіби біліктілік, жасампаздық пен жаңашылдық сияқты негізгі жалпыұлттық құндылықтардың тізбесін жасау туралы бастама көтерді. Сарапшылар мен азаматтардың ұсыныстарына, қоғам пікірін жүйелі зерделеу қорытындысына, пәнаралық зерттеу негізделген осы тізбеде дәстүрлі, жалпы адамзатқа ортақ және заманауи құндылықтар үйлесім тапқан.

Бұл құндылықтар жүйесі саяси және идеологиялық көзқарасына, экономикалық және мәдени факторларға, әлеуметтік мәртебесіне қарамастан, Қазақстанның барша азаматына ортақ.

Қоғамдағы әмбебап құндылықтар жүйесі – ішкі саясат саласындағы жұмыстың негізі.

Тәуелсіздік және отаншылдық
Қазақстанның тәуелсіздігі – ішкі және сыртқы мәселелерді өзіміз дербес шешу мүмкіндігімізді көрсететін құндылық. Бұл – ел бірлігінің және мемлекеттілігіміздің қастерлі нышаны, оның мән-маңызын Президентіміз «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» деген бір ауыз сөзбен айқындап берді.

Қазақстандық патриотизм мемлекетке, оның рәміздері мен ұлттық мәдениетіне құрметпен қарау, еліміздің тарихи және рухани құндылықтарын қадірлеу, Отанымыздың бүгінгі мен болашағына жауапкершілікпен қарау деген мағынаны білдіреді. Азаматтардың отаншылдық қасиеті

еліміздегі әлеуметтік-экономикалық және мәдени үдерістерге белсене атсалысу, Қазақстанның жалпыұлттық құндылықтарын ұстану арқылы көрініс табуға тиіс.

Тәуелсіздік пен отаншылдық бір бірінен ажырамас ұғымдар. Олар біздің қоғамның құндылықтар жүйесінің іргетасы саналады. Тәуелсіздіктің арқасында қол жеткізген жетістіктерімізді мемлекеттің және жауапкершілігі мол отаншыл азаматтардың жасампаз қызметі арқылы ғана сақтап, еселеуге болады.

Бірлік және ынтымақ

Бірлік және ынтымақ – қоғамдағы тұрақтылық пен үйлесімділіктің тұғыры саналатын құндылықтар, жаңа сын-қатерлер жағдайында олардың өзектілігі арта түседі.

Ел бірлігін сақтау және нығайту саясаты «Бірлігіміз – әралуандықта» деген қағидаға арқа сүйейді.

Ел бірлігі тарихи тағдырдың ортақтығына, азаматтық құндылықтар мен жалпыұлттық бірегейлікке, барлық азаматтың озық дәстүрлерді ұстануына, заң алдындағы теңдігіне, деструктивті, радикалды және біздің қоғамға жат көзқарастарды қабылдамауына негізделеді.

Ынтымақ – баршамыздың бір елдің азаматы екенімізді сезіндіретін ұғым, ол ортақ мақсаттарға жету үшін бір-бірімізді қолдаудың және жауапкершіліктің маңызды екенін білдіреді.

Бірлік және ынтымақ құндылықтары елді жүйелі жаңғырту ісінде айрықша рөл атқарады, қоғамның реформаларды қолдау және азаматтардың стратегиялық міндеттерді шешуге атсалысу мүмкіндігін кеңейте түседі.

Әділдік пен жауапкершілік
Әділдік және жауапкершілік – қоғамда өзара сыйластықты, сенім мен келісімді нығайтатын, бір-бірімен тығыз байланысты ұғымдар.

Әрбір азамат өзінің рөлі маңызды екенін және жеке жауапкершілігін, құқықтары мен міндеттерін сезіне білуі керек. Бұл – шын мәнінде, орнықты, қарқынды дамитын және үйлесімді қоғам құрудың негізгі шартының бірі.

Әділдік пен жауапкершілік құндылықтары мемлекет пен азаматтар күш-жігерін біріктіруге ғана Әділетті Қазақстанды құруға болатынын көрсетеді.

Заң мен тәртіп
Тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету, заң бұзған адамды тиісті жазаға тарту – мемлекеттің негізгі функциялары.

Елімізде қоғамға жат мінез-құлыққа қарсы иммунитет, кез келген құқық бұзушылыққа «мүлдем төзбеу», қатігездік пен зорлық-зомбылықтың ешбір түріне жол бермеу сияқты ұстанымдар берік орнығып жатыр.

Әрбір азамат заңды мүлтіксіз сақтау өзінің әл-ауқатын жақсартудың және еліміздің өсіп-өркендеуінің кепілі екенін түсінуге тиіс.

Заң мен құқықтық тәртіптің үстемдігі – тұрақты әрі өркениетті мемлекеттің тірегі.

Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік
Қоғамда, әсіресе өскелең ұрпақтың санасында «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» формуласы берік орнығып келеді. Бұл – жауапты, еңбекқор, өз ісін үйретін адам ғана шынайы табысқа қол жеткізе алады дегенді білдіреді.

Жұмысшы мамандықтарының беделін көтеріп, еңбек адамына құрметпен қарау әрі жеке кәсіби біліктілікті бағалау, масылдыққа қарсы әрекет ету мәдениетін қалыптастыру қажет.

Еңбекқорлық пен кәсіби біліктілік құндылықтарын дәріптеу ел экономикасын дамыту үшін ғана емес, озық ойлы әрі бәсекеге қабілетті ұлт

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІШКІ САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАТТАРЫН, ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ МЕН БАҒЫТТАРЫН БЕКІТУ ТУРАЛЫ

Басы 1-бетте қалыптастыру үшін де маңызды.

Жасампаздық пен жаңашылдық Жасампаздық пен жаңашылдық – идеялар мен инновациялар, цифрлық технологиялар және жасанды интеллект басты қозғаушы күш саналатын, индустриялық тұрғыдан дамыған әлемде еліміздің бәсекеге қабілетті болуының көпілі.

Озық ойлы қоғам құру үшін азаматтарымыздың өзгерістерге ашық болуы, жасампаздыққа ұмтылуы және креативті ойлай білуі маңызды.

Білімпаздық, сауаттылық, парасаттылық пен прагматизм қоғам менталитетінің ажырамас бөлігіне және әрбір азаматтың тұлға ретінде өсіп-жетілуінің негізгі факторына айналуға тиіс.

Жасампаздық пен жаңашылдық құндылықтарын ілгерілету үшін ағартушылық қызмет және қоғамда ғалымдар мен педагогтердің мәртебесін дәйекті түрде көтеруге бағытталған жұмыс маңызды рөл атқарады.

Қазақстанның технологиялық тұрғыдан дамыған ел болуы үшін қоғамда жасампаздық пен жаңашылдық құндылықтарын бүгіннен бастап орнықтыру қажет.

2. Жалпыұлттық нышандар

Елдің тарихи-мәдени ерекшеліктерін айқындайтын ұлттық нышандардың тізімін жасау – әлемде кеңінен қолданылатын тәжірибе.

Ұлттық нышандар елдің өзіне тән ерекшелігін тануға, жалпыұлттық бірегейлігімізді нығайтуға және тарихи-мәдени мұрамызды сақтауға ықпал етеді.

Осы мақсатта жалпыұлттық нышандардың мынадай тізімі айқындалады:

- ұлттық ұран – «Алға, Қазақстан!»;
- ұлттық түстер – аспан түстес көк, алтын сары түс;
- ұлттық кітап нышаны – Абайдың «Қара сөздері»;
- ұлттық бірлік нышаны – шаңырақ;
- ұлттық музыкалық аспап нышаны – домбыра;
- ұлттық өсімдік нышаны – қызғалдақ;
- отандық өнім шығарудың ұлттық белгісі – «Қазақстанда жасалған», «Made in Qazaqstan»;
- ұлттық хэштег – #Qazaqstan, #Kazakhstan.

Жалпыұлттық нышандардың осы тізімі елдің бірыңғай нышандар жүйесін және брендин қалыптастырады.

Ұлттық нышандар жалпыұлттық айдентиканың, атап айтқанда, мемлекеттік органдардың, әкімшілік-аумақтық бірліктердің, білім беру, мәдениет және спорт мекемелерінің, азаматтық қоғам институттарының базалық элементтеріне айналуға тиіс.

Ұлттық нышандар салтанатты рәсімдерді, қоғамдық-саяси, гуманитарлық, мәдени-бұқаралық іс-шараларды өткізу барысында қолданылуы мүмкін.

3-тарау. Ішкі саясаттың басым бағыттары

Ішкі саясаттың басым бағыттарына мыналар жатады:

- қоғамдық диалог;
- этносаралық қатынас саласындағы саясат;
- дін саласындағы саясат;
- мәдени-гуманитарлық саясат;
- отбасы саясаты;
- жастар саясаты;
- ақпарат саясаты.

Қоғамдық диалог

Ашық және тұрақты қоғамдық диалог орнату үшін:мемлекеттің азаматтық қоғамның барлық институ-тымен өзара байланыс орнату тетігін жетілдіру;

азаматтық қоғам институтта-рын дамытуға қажетті құқықтық, экономикалық және басқа да жағдайларды жасау;шешім қабылдау ісіне азаматтар мен азаматтық қоғам институттарының барын-ша араласуы;қоғамдық кеңестер мен орталық және жергілікті мемлекеттік органдар жанындағы өзге де консультативтік-кеңесші органдардың қызметін жетілдіру;

мемлекеттік органдар жұмысының айқын және ақпараттық тұрғыдан ашық болуын қамтамасыз ету;

қоғамдық пікірге үнемі мониторинг жүргізу қажет.

Этносаралық қатынас саласындағы саясат

Этносаралық қатынас саласындағы мемлекеттік саясаттың тиімділігін қамтамасыз ету үшін:

- бірлік пен ынтымақтастық құндылықтарын қоғамда дәріптеу;
- қоғамдағы этносаралық келісім мен толеранттықты нығайту;
- ұлтына, нәсіліне және басқа да белгілер бойынша кемсітудің барлық түріне түбегейлі қарсы тұру;
- Қазақстан халқы Ассамблеясын этносаралық келісім саласындағы негізгі институт ретінде дамыту;
- мемлекеттік органдар, ұйымдар және азаматтық қоғам институттары этносаралық қатынастар саласында өзара тиімді іс-қимыл жасау;
- этносаралық қатынас саласындағы ахуалға сапалы мониторинг жүргізу және талдау жасау қажет.

Дін саласындағы саясат

Дін саласындағы мемлекеттік саясаттың тиімділігін қамтамасыз ету үшін:

- мемлекетті дамыту ісінде зайырлылық қағидаттарын тұрақты түрде ілгерілету;
- конфессияаралық келісімді және дінаралық толеранттықты нығайту;
- дінді деструктивті мақсаттар үшін пайдалануға және діни наным-сенімді ұстануға біреуді мәжбүрлеуге жол бермеу;
- діни радикализм мен экстремизм насихатына қарсы тұру;
- дін саласындағы ахуалға сапалы мониторинг жүргізу және талдау жа-сау керек.

Мәдени-гуманитарлық саясат

Мәдени-гуманитарлық саладағы мемлекеттік саясаттың тиімділігін қамтамасыз ету үшін:

- қоғамда жасампаздық пен жаңашылдық құндылықтарын, білімге құштарлықты ілгерілету, ғылымды дәріптеу;
- қоғамның құқықтық, қаржылық, саяси, цифрлық, ақпараттық және экологиялық сауатын арттыру;
- мемлекеттік тілді және оның халықты ұйыстырушы тіл ретіндегі әлеуетін дамыту;
- Қазақстандағы барлық этностың тілдерін дамытуға қолайлы жағдай жасау;
- мәдениетті, әдебиетті және өнерді дамыту, сондай-ақ креативті индустрияны қолдау;
- елдің тарихи-мәдени және деректер мураларын сақтау;ономастика және тарихи-мәдени монументтік өнер саласындағы рәсімдерді жетілдіру;
- тіл саласын, тарих пен ономастика мәселелерін саясиландыруға жол бермеу қажет.

Отбасы саясаты

Отбасы саясатының тиімділігін қамтамасыз ету үшін:

- отбасы институтын нығайту және отбасы құндылықтарын қолдау;
- жауапты ата-ана идеясын дәріптеу;
- тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу және оған қарсы тұру, әйелдер мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- отбасы саясаты саласындағы нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру қажет.

Жастар саясаты

Жастар саясатының тиімділігін қамтамасыз ету үшін:

- жастардың зияткерлік және жеке әлеуетін дамыту, олардың қоғамдық және экономикалық белсенділігін арттыру үшін қолайлы жағдай жасау;
- патриоттық тәрбие беру жүйесін дамыту, мемлекеттік рәміздерге құрметпен қарауды дәріптеу, жауап-ты азамат болу идеологиясын және Отан тағдырына жанашырлық сезімін күшейту;
- жастарды волонтерлік және басқа да әлеуметтік маңызы бар жобаларға қатысуға ынталандыру;
- жастар арасында жасампаздық құндылықтарын және өмірге деген құлшынысты дәріптеу;
- жастардың жағымсыз қылықтарға, соның ішінде нашақорлыққа, маскүнемдікке, ойынқұмарлыққа,

озбырлық пен тұрмыстық зорлық-зомбылыққа, вандализмге, ысырапшылдыққа қарсы тұруы;

мемлекеттік жастар саясатын әзірлеу және жүзеге асыру үдерісіне жастар өкілдерін белсенді қатыстыру қажет.

Ақпараттық саясат

Ақпараттық саясаттың тиімділігін қамтамасыз ету үшін:

- еліміздің бұқаралық ақпарат құралдарының бәсекеге қабілеттілігін арттыру;
- ағартушылық, ғылыми-танымдық және тәрбиелік мәні бар сапалы контентті дамыту;
- мемлекеттік органдардың бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара байланысын жетілдіру;
- журналисттік этиканың жалпыға ортақ қағидаттарын дәріптеу, ақпарат кеңістігіндегі кез-келген заңсыз әрекеттің таралуына қарсы іс-қимыл жасау;
- деструктивті идеологияның және үгіт-насихаттың, жалған ақпараттың таралуына жол бермеу;
- масс-медиа саласындағы нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру қажет.

4-тарау. Ішкі саясатты іске асырудың институционалдық негізі

Ішкі саясат саласындағы жұмысты үйлестіруге Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі жауапты бо-лады.

Орталық деңгейде ішкі саясат-ты жүзеге асыру ісінде Қазақстан Республикасының Үкіметі аты-нан Үкімет Аппараты, Мәдениет және ақпарат министрлігі, Ғылым және жоғары білім министрлігі, Оқу-ағарту министрлігі, Туризм және спорт министрлігі, Қорғаныс министрлігі, Ішкі істер министрлігі, Әділет министрлігі, Экология және табиғи ресурстар министрлігі, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі және олардың аумақтық бөлімшелері, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі және оның аумақтық бөлімшелері басты рөл атқарады.

Жергілікті жерде ішкі саясатты жүзеге асыруға барлық деңгейдегі әкімдер, сондай-ақ әкімдердің ішкі саясат жөніндегі орынбасарлары және басқа да уәкілетті жергілікті атқарушы органдар жауапты болады.

Ішкі саясатты жүзеге асыру бары-сында Қазақстан халқы Ассамбле-ясы, Ұлттық құрылтай, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі жанындағы қоғамдық палата, барлық деңгейдегі қоғамдық кеңестер және Қазақстан Республикасының Президенті, Парламенті, Үкіметі және жергілікті атқарушы органдары жанындағы басқа да консультативтік-кеңесші органдар маңызды рөл атқарады.Жекелеген бағыттар бой-ынша ішкі саясатты жүзеге асыру мәселелерімен Қазақстан Республи-касы Парламентінің және барлық деңгейдегі мәслихаттардың депу-таттары, Адам құқықтары жөніндегі уәкіл, Бала құқықтары жөніндегі уәкіл, Халықтың әлеуметтік жағынан осал санаттарының құқықтары жөніндегі уәкіл, саяси партиялар, бұқаралық ақпарат құралдары, үкіметтік емес ұйымдар, ғылыми, шығармашылық және кәсіби бірлестіктер мен одақтар өз құзыреттері мен өкілеттіктері ая-сында мемлекеттік органдармен бірлесе отырып айналысады.

Қорытынды

Ішкі саясаттың негізгі қағидаттары, құндылықтары мен бағыттары жалпыұлттық сипатқа ие және олар-ды барлық мемлекеттік органдар өз қызметінде ескеруге міндетті.

Ұсынылған тәсілдер қоғамдық-саяси, экономикалық және әлеуметтік сипаттағы маңызды мемлекеттік шешімдер қабылдау кезінде негізгі бағдар болады.

Осы құжаттың ережелерін іске асыру ішкі саяси тұрақтылықты нығайтуға, қоғамның және мемлекеттің орнықты дамуын қамтамасыз етуге, сондай-ақ, әрбір азаматы біртұтас, жауапты және озық ойлы ұлттың өкілі сана-латын Әділетті Қазақстанды құруға ықпал етеді.

akorda.kz

ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАЛАРЫН ОРЫНДАУ: ЕЛІМІЗДЕ ДӘНДІ ЖӘНЕ БАСҚА ДА АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ДАҚЫЛДАРЫНЫҢ РЕКОРДТЫҚ ӨНІМІ ЖИНАЛДЫ

Ауыл шаруашылығы министрі Айдарбек Сапаров Үкімет отыры-сында 2025 жылғы егін жинау жұмыстарының қорытындылары ту-ралы баяндады.

Ол өткен маусым ауыл шаруашылығы өндірісінің тұрақты өсімін көрсеткенін атап өтті.

Агротехникалық шараларды қатаң сақтау – жоғары өнімнің басты көпілі екеніне шаруалардың көбі көз жеткізді. Екі жыл қатарынан алынған нәтижелер өнімділіктің қолданылып жатқан технологияларға тікелей тәуелді екенін нақты дәлелдеп отыр. Осы жыл тек дәнді дақылдар бойынша ғана емес, со-нымен қатар бұршақты және майлы дақылдар сияқты жоғары рентабельдү әрі сұранысқа ие дақылдар тұрғысынан да рекордтық жыл болды. Бұл дақылдарға егіс алқаптарын әртараптандыру шеңберінде ерекше назар ау-дарылды. Олар тек табысты емес, сонымен бірге топырақтың құнарын арт-тырып, ауыспалы егісті жақсарттады. Мысалы, бұршақ дақылдары топырақты азотпен байытып, кейінгі дақылдардың өнімділігін арттырады.

«Бүгінгі таңда республика бойынша астық жинау толығымен аяқталды. 16 млн гектар алқаптан гектарына 17 центнер орташа өнімділікпен 27 млн тонна астық қамбаға құйылды. Бидай 12,2 млн гектардан жиналып, 20,3 млн тонна-сы бастырылды – бұл өткен жылмен салыстырғанда жарты миллион тоннаға көп. Егіс алқаптарын әртараптандыру нәтижесінде бидайдың егіс көлемі ша-мамен 900 мың гектарға қысқарғанымен, өндіріс көлемі азаймай, керісінше артты. Бұл озық агротехнологиялардың тиімділігін тағы да дәлелдейді», — деді Айдарбек Сапаров.

Сонымен қатар министр 4 млн тоннаға жуық арпа жиналғанын, бұршақ дақылдарының түсімі алғаш рет 1 млн тоннаға жеткенін мәлімдеді. Майлы дақылдар бойынша бүгінгі күннің өзінде рекордтық 4,3 млн тонна жиналды және егін жинау жұмыстары жалғасып жатыр. Сондай-ақ 2,9 млн тонна картоп, 3,8 млн тонна көкөніс, 2,6 млн тонна бақша дақылдары жиналды. Мақта жинау жұмыстары аяқталды. Тамшылатып суаруды қолдану нәтижесінде кейбір шаруашылықтар гектарына 50 центнерге дейін өнім алды. Жалпы алғанда, орташа өнімділік 30 ц/га деңгейінде қалыптасып, 428 мың тонна шитті мақта жиналды – бұл өткен жылмен салыстырғанда 42%-ға көп.

Осыған байланысты әкімдіктерге мақта өсірудің дәстүрлі тәсілдерінен озық және тиімді технологияларға көшу бойынша жұмысты күшейту тапсырылды.

«Фермерлердің агротехнологияларды сақтауына, ең алдымен, мемлекеттік қолдау тетіктері зор әсер етті. Биыл ерте жеңілдетілген кредит беру бағдарламасы аясында қаржыландыру көлемі алғаш рет 1 трлн теңгеге жетті. Вегетациялық кезеңнің қорытындысы бойынша 1,8 млн тонна минералдық тыңайтқыш енгізілді, бұл ғылыми негізделген қажеттіліктің 56%-ын құрайды. Элиталық тұқымдардың үлесі 9,5%-дан 11,5%-ға дейін өсті. Ерте қаржыландыру бағдарламасы келесі жылы да жалғасады», — деді Айдарбек Сапаров.

Министрдің сөзінше 1 қазаннан бастап 2026 жылғы көктемгі дала жұмыстарына өтінім қабылдау басталды. Қарашаның екінші онкүндігінен бастап шаруаларға револьверлік кредит беру ашылады, бұл бір көпілдікпен жыл сайын несие алуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар көлемі 250 млрд теңгеге жеткен жеңілдетілген лизинг бағдарламасы арқылы техника жаңарту қарқыны 6,5%-ға жетіп, екі жыл ішінде ауыл шаруашылығы техникасының тозуы 80%-дан 70%-ға дейін төмендеді. Негізгі астық өндіруші өңірлерде жүргізілген талдау агротехнологияларды сақтау мен өнімділік арасында тікелей байланыс бар екенін көрсетті. Мысалы, барлық шаруашылықтардың шамамен 60%-ы гектарынан 15–30 центнер өнім алса, ал 8%-ы 30 центнерден аса өнім жинады. Осылайша, республика бойынша орташа өнімділік гектары-нан 17 центнер деңгейінде қалыптасып, өткен жылмен салыстырғанда 5%-ға жоғары болды. Дегенмен, шаруашылықтардың шамамен 12%-да өнімділік әлі де төмен деңгейде (7–8 ц/га) қалып отыр. Аталған шаруашылықтар агро-технологияны жоғары деңгейде қолдану қажет.Осыған байланысты министр әкімдіктер 2028 жылға дейін ауыл шаруашылығы жалпы өнімін екі еселеу жөніндегі Жол картасының көрсеткіштеріне жету мақсатында фермерлерді технологияны сақтауға ынталандыру жұмыстарын күшейтуі тиіс екенін айтты.

«Алынған астық өнімі ішкі қажеттілікті толық қамтамасыз етеді және экспорттық әлеуетті де сақтап қалуға мүмкіндік береді. Өткен маусымда астық экспорты 47%-ға артып, 13,4 млн тоннаға жетті. Бұл өсімге экспорттық суб-сидиялау бағдарламасы айтарлықтай ықпал етті. Экспорт көлемін тұрақты ұстау мақсатында бағдарламаның мерзімі 2026 жылдың 1 қыркүйегіне дейін ұзартылды. Биыл қазақстандық астық Бельгия, Португалия, Польша, Норве-гия, Ұлыбритания, Вьетнам, Біріккен Араб Әмірліктері және Солтүстік Афри-ка, Марокко, Алжир, Египет елдеріне жеткізілді. Иран, Әзербайжан, Армения және Грузия бағыттарына экспорт қайта жанданды. Бүгінгі күннің өзінде жаңа өнімнен шамамен 2,2 млн тонна астық экспортталды, бұл өткен жылмен салыстырғанда 21%-ға көп», — деді Айдарбек Сапаров.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес астықты терең өңдеу бой-ынша 5 инвестициялық жоба жүзеге асырылуда. Бұл жобалар нәтижесінде нарықтан қосымша 2,5 млн тонна астық тартылатын болады. Астық сақтау сыни маңызы бар республика бойынша 30,7 млн тоннаны құрайды, оның ішінде лицензияланған кәсіпорындарда – 13,3 млн тонна, шаруаларда – 17,4 млн тонна. Жаңа өнімнен элеваторларға 7,7 млн тонна астық тапсырылды, бұл өткен жылмен салыстырғанда екі есе көп. Сақтауға тапсырылған жұмсақ бидайдың 53%-ы жоғары сапалы, 35%-ы – төртінші сынып, 12%-ы – төменгі сынып және сыныпсыз астық.Ведомство басшысының айтуынша келесі жылдың көктемгі егіс науқанына дайындық жұмыстары басталып кетті. Егіс алқаптарын әртараптандыру бағдарламасы жалғасатын болады. Басымдық – жоғары рентабельді және экспортқа бағытталған дақылдарға беріледі, ал суды көп қажет ететін дақылдар көлемі қысқарады. Келесі жылдан бастап әртараптандыру көрсеткіштерін орындауға бақылау күшейтіледі. Сондықтан өңірлер қазірден бастап түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, егіс құрылымын алдын ала пысықтауы тиіс. Келесі маңызды бағыт – тұқымдық матери-алды сапалы дайындау.Облыс әкімдіктерінің деректері бойынша, жалпы қажеттілік 2,3 млн тоннаны құрайды, оның 96%-ы дайындалған. Әкімдіктерге тұқым сапасын тексеруді қазірден бастау қажет. 2026 жылы 2,3 млн тонна минералдық тыңайтқыш енгізу жоспарланған. Қажетті көлемдер бойынша келісімшарттарды уақтында жасап, қоймаларды дайындау қажет. Техниканы жаңарту да басты назарда. Келер жылғы жаңарту жоспары – 8%-ды құрайды.

«Үкімет тарапынан 2026 жылғы көктемгі егіс жұмыстарына несиелеу ба-сталды. Сондықтан әкімдіктер барлық қаржыландыру жолдарын пайдала-нып, фермерлердің барынша кең ауқымын қамтуы тиіс. Жалпы, аграрлық маусымның қорытындылары оң нәтижелерге қол жеткізілгенін көрсетіп отыр. Осы орайда әкімдіктерге келесі бағыттар бойынша шаралар қабылдау қажет: майлы дақылдар, жүгері және қант қызылшасы бойынша егін жинау-ды уақтылы аяқтау; жиналған өнімнің сақталуын және өңделуін қамтамасыз ету; 2026 жылға қажетті тұқым көлемін толық дайындау; шаруалар мен әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялардың Аграрлық несие корпорациясы алдындағы міндеттемелерін уақтылы орындауын қамтамасыз ету. Аталған мәселелер Министрліктің ерекше бақылауында болады және келесі жылы да агротехнологияларды қолдану мен өнімділікті арттыру бойынша жұмыстар жалғасатын болады», — деді Айдарбек Сапаров.

ЖЕТИСУЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҚ ЖАҢБЫРЛАТЫП СУАРУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ АРҚЫЛЫ МАЛ АЗЫҒЫН ӨСІРУ ЖОБАСЫН ҚОЛҒА АЛДЫ



Жетісу облысының Кербұлақ ауданында 1 мың гектардан астам жерге жаңбырлатып суару технологиясы енгізіліп, мал азығы өсірілмекші. Бұл ірі қара етін терең өңдеуге бағытталған үш кезеңнен тұратын іргелі инвестициялық жобаның алғашқы кезеңі ретінде іске асырылуда. Жобаның жүзеге асырылу барысымен өткен аптаның соңында облыс әкімі Бейбіт Исабаев танысып қайтты, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

«Агрохолдинг-Жетісу» ЖШС Кербұлақ ауданының Жоламан массивінде суармалы 1 мың гектар жерге жаңбырлатып суару технологиясын енгізіп, жоңышқа, дәндік жүгері, арпа, бидай егуді жоспарлап отыр. Сөйтіп жобаның бірінші кезеңінде

тұрақты өсірілетін мал азығын тиімді сұғаруға арналған замануи инфрақұрылым жасалуда. Қазір құрылыс алаңында электр және су құбыры желілерін тарту, жалпы сыйымдылығы 147 000 м³ болатын төрт жаңа резервуар салу жұмыстары жүріп жатыр. Құрылыс жұмыстары келесі жылы аяқталады деп жоспарланған.

Шаруашылықтың бүгінде 25 бірлік техникасы бар, соның ішінде трактор, фронталды тиегіш, комбайн, жүк көлігі, аспалы және тіркемелі жабдықтарды атауға болады.

- Біз осы жаңбырлатып суару технологиясын орнатуға жалпы сомасы 5,1 млрд. теңге инвестиция саламыз. Су үнемдеу технологиясын енгізу шығындарының белгілі бір мөлшері мемлекет

тарапынан субсидияланады. Бұл - біз үшін үлкен көмек. Мал бордақылау алаңы үшін алдымен малға сапалы азық керек, сондықтан малдың жем-шөбін өзіміз өндіретін боламыз. Одан кейін бес мың басқа дейін мал бордақылап, ірі қара етін бөлшектеуден дайын өнімге дейінгі терең өңдеуден өткізуді жоспарлап отырмыз, бұл - біздің экспортқа бағытталған басты стратегиялық бағытымыз, - дейді шаруашылық өкілі Данияр Сәлімбаев.

Оның айтуынша, жоба толық іске асырылғанда кәсіпорында автоматтандырылған жүйе орнатылады, заманауи цехтар, дайын өнімді сақтайтын және тасымалдайтын тоңазыту және логистикалық инфрақұрылым жасалады.

Облыс әкімі өз сөзінде өңірде су үнемдеу технологиясын қолдану аясын кеңейту мен ауыл шаруашылы өнімдерін өңдеуге баса көңіл бөлінетінін айта келе, мұндай жобалардың өңір кәсіпорындарының шикізаттық модельден өндірістің толық циклына өтуіне, жаңа жұмыс орындарының ашылуына мүмкіндік беретінін айтты.

Жалпы Жетісу облысында бүгінгі күнде 36,1 мың гектар жерге су үнемдеу технологиясы қолданылады, соның 14,1 мың га - тамшылатып, 22,0 мың га - жаңбырлатып суару технологиясы.

Фотограф: Жеңіс Ысқабай

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СЕРІКТЕСТІК: ЖЕТИСУЛЫҚ ДЕЛЕГАЦИЯ БЕЛЬГИЯ, ҚЫТАЙ, ПӘКІСТАН ИНВЕСТИОРЛАРЫМЕН КЕЛІСІМДЕР ЖАСАСТЫ

Қазақстанның жаһандық инвестициялар жөніндегі деңгелек үстелі (KGIR-2025) аясында Жетісу облысы әкімінің орынбасары Әсет Қанағатовтың жетекшілігімен өңір делегациясы шетелдік компаниялармен бірқатар кездесулер өткізді. Келіссөздердің нәтижесінде жалпы сомасы 34 млрд. теңгеден асатын, 800-ге жуық жұмыс орнын құратын екіжақты ынтымақтастық туралы төрт меморандумға қол қойылды, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Атап айтқанда, бұлар - Бельгия, ҚХР, Пәкістан инвесторларымен бірлескен «Envision KKS» ЖШС-ның «Қорғас - Шығыс қақпасы» АЭА аумағында жел генераторларын (WTG) және энергия сақтау жүйелерін (BESS) өндіретін зауытының құрылысы, «Каусар-Карго» ЖШС-ның Панфилов ауданында халықаралық автовокзал салу жобасы, «STS Jetisu» ЖШС-ның «Талдықорған» индустриялық аймағында SPC үлгісіндегі еден жабынын шығаратын зауытының құрылысы, «Saron Kazakhstan» ЖШС-ның «Нұр жолы - Қорғас» өткізу пунктінде айналма жол мен көлік-логистикалық орталықтың құрылысы жөніндегі жобалар.

- Біздің компанияның жобасы Қазақстан мен Қытай шекарасында орналасқан Қорғас аумағында іске асырылады. Біз Қытайдан Қазақстанға, Әзербайжан мен Өзбекстанға жел генераторларын тасымалдаумен айналысамыз. Көлік өткізу бекетіндегі кептелістерді азайту және жалпы автомобиль өткізу пунктінің жұмысын жеңілдету мақсатында жергілікті атқарушы органдарға айналма жол мен «Нұр жолы - Қорғас» өткізу пунктінде көлік-логистикалық орталық салу жөнінде ұсыныс жасадық. Бұл айналма жол учаскенің өткізу қабілетін 2-3 есеге арттырып, қолданыстағы инфрақұрылымға түсетін жүктемені азайтуға мүмкіндік береді, - деді бельгиялық «Saron Kazakhstan» ЖШС компаниясының президенті Людо Саренс.

Өз жобалары туралы пәкістандық «STS Jetisu» ЖШС компаниясының директоры Афтаб Танвир де қысқаша айтып берді.

- ТМД аумағында жұмыс істеп келе жатқанымызға 20 жылдай уақыт болды. Соның ішінде Қазақстандағы алғашқы жобамызды Жетісу облысының аумағында бастағалы отырмыз. Яғни қабырға мен еденге арналған SPC панельдерін шығару жобасын қолға алдық. Бізге көрсетілген қолдаулар үшін ризашылығымызды білдіреміз, - деді ол.

Ал қытайлық инвесторлар облыс аумағында екі жобаны іске асырмақшы. Мәселен, «КаусарКарго» ЖШС өкілі Лун Шуньцзиннің айтуынша, компания Панфилов ауданында көлік-логистикалық хаб жобасын жүзеге асыра бастайды. Яғни халықаралық автовокзал, уақытша сақтау қоймасы, газ-турбиналық станция, сауда-ойын-сауық орталығы сияқты бірқатар нысандарын салады. Сол сияқты «Envision KKS» ЖШС «Қорғас - Шығыс қақпасы» АЭА аумағында жел генераторларын өндіретін зауыт жобасын қолға алуда. Жаңа зауыт ішкі нарықтың қажеттіліктерін қамтамасыз етуге және жаңартылатын энергия көздеріне арналған жабдықтарды импорттау тәуелділігін азайтуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар жобалау мен өндіруден бастап жаңартылатын электр станциялары мен энергия сақтау жүйелерін пайдалануға дейінгі кешенді техникалық қолдауды қамтамасыз етеді.

- Жетісу облысы халықаралық әріптестіктің аясын белсенді түрде кеңейтіп келеді. Облыс құрылғаннан бері өңір экономикасына 1,2 трлн. теңге инвестиция тартылып, бұл 135 жобаны іске асыруға және 3,8 мың жаңа жұмыс орнын құруға мүмкіндік берді. Мәселен, қазіргі таңда Германия компаниямен бірлесіп халықаралық жүк-жолаушы әуежайының құрылысы басталса, Чили компаниясымен бірге тау-кен өнеркәсібіне арналған диірмендік шар өндіретін зауыттың құрылысы қолға алынған. Енді Бельзия, ҚХР, Пәкістан инвесторларымен жаңа келісімдер жасалды. Аталған бастамалар өңірдің өнеркәсіптік және экспорттық әлеуетін арттыруға, өндіріске халықаралық деңгейдегі озық технологияларды енгізуге, жалпы алғанда әлеуметтік-экономикалық тұрақты дамудың жаңа мүмкіндіктеріне жол ашады, - деді облыс әкімінің орынбасары Әсет Қанағатов.

Жалпы осы жылдың өткен тоғыз айында облысқа тартылған инвестиция көлемі 330,3 теңгеге жетіп, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 12,7 % артты.



ЖЕТИСУ ОБЛЫСЫ ДОСТЫҚ АУЫЛЫНДА «КЕЛЕШЕК МЕКТЕБІ» АШЫЛДЫ



Жетісу облысы Алакөл ауданы Достық ауылында «Келешек мектебі» ұлттық жобасымен заманауи жаңа мектеп салынып, пайдалануға берілді. Алты жүз орынға арналған бұл білім мекемесі аталған жоба аясында тұрғызылған облыстағы екінші мектеп. Бұған дейін осындай 1200 орынды Панфилов ауданының Жаркент қаласында ашылған

болатын, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Жаңа мектептің ашылуына арнайы барған облыс әкімінің орынбасары Диас Есдәулетов ауыл тұрғындарын қуаныштарымен құттықтады:

- Республикалық Тамыз конференциясында Президентіміз қала мен ауыл мектептеріндегі білім беру деңгейін теңестіру міндетін қойған болатын. Соған сәйкес облыста әсіресе ауылдық жерлердегі білім саласының инфрақұрылымын жақсартуға көп көңіл бөлініп келеді. Жыл сайын мектептердің материалдық-техникалық базасын нығайтуға да ерекше назар аударылады. «Келешек мектебі» жобасының да негізгі мақсаты осы, - деген Диас Есдәулетов оқушыларға оқуда табыс, мектеп ұжымының еңбектеріне жеміс тілеп, мектепке автобус көлігінің кілтіні тапсырды.

Сол сияқты «Samruk-Kazyna Construction» АҚ Ұлттық жобаны іске асыру және өңірлік даму жөніндегі құрылыс департаментінің директоры Қайрат Өтегенов тілегін білдірді. Мұнан соң «VentKarkara service» құрылыс компаниясының директоры Еркін Ахметжанов мектеп директоры Айнаүл Садиеваға мектептің символдық кілтін ұсынды.

Осыдан кейін қонақтар, жалпы жиналған қауым мектептің ішін аралап көрді. Бұл жаңа мектеп талапқа сай жабдықталған, мұнда оқушылардың жан-жақты дамуына барлық жағдай жасалған. Жаңа пән кабинеттері, робототехника, лингвистика кабинеттері, STEM зертханасы, кітапхана, шеберхана, хореография залы, асхана және басқа да қажетті сыныптар мен залдар қарастырылған. Мектепте 59 мұғалім жұмыс істейді. Солардың ішінде жаңадан оқу бітіріп келген жас мамандар да бар.

- Мен мектепті осы Достық ауылынан оқып бітіргенмін. Жоғары оқу орнын тәмамдап, жас маман ретінде өз ауылыма еңбегімді сіңіруге келіп отырмын. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімімін. Алғашқы еңбек жолымды осындай «Келешек мектебінен» бастау - мен үшін мәртебе. Көрсетіліп жатқан әдістемелік көмектер, қолдануға ыңғайлы инфрақұрылымдық технологиялар жас мамандарға үлкен қолдау болады деп ойлаймын, - дейді Гүлнұр Абылайханова.

Ата-аналар қауымы да жаңа мектептің салынғанына дән разы.

- Бүгін баршамыз үшін ерекше қуанышты күн. Шалғай орналасқан Достық ауылында білім мен тәрбиенің жаңа ордасы ашылып отыр. Ата-аналар қауымы да, балаларымыз да осы күнді асыға күттік. Атына заты сай заманауи техникамен жабдықталған осындай мектепте оқу - біздің балаларымыз үшін керемет мүмкіндік. Сапалы білім алып қана қоймай мұнда түрлі үйірмелерге қатысып, жан-жақты дамуларына барлық жағдай жасалғаны бізді қатты қуантты. Енді тек қана жақсы оқып, алаңсыз білім алуын ата-ана ретінде қадағалап, мұғалімдермен қоян-қолтық жұмыс істейміз, - дейді Жадыра Мұжыбаева.

Жалпы Жетісу облысында Бүгінгі күні облыста 6 мектептің құрылысы жүргізілуде, соның 3-еуі биыл қолданысқа беріледі.

Фототілші: Дмитрий Ерофеев

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

ЖЕТИСУ ОБЛЫСЫНДА ҚҰС ЕТІН ӨНДІРЕТІН ЖАҢА КӘСІПОРЫН АШЫЛАДЫ

Жетісу облысының Көксу ауданында жұмыс істеп тұрған кәсіпорынның қуатын арттыру және жаңа жобаларды қолға алудың арқасында ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу үлесі көтеріледі. Атап айтқанда, Көксу қант зауытын қайта жаңғыртудың нәтижесінде оның өңдеу қуаттылығы тәулігіне 5 мың тоннаға жеткізілсе, алдағы жылдарда құс етін өндіретін



«Beles Agro KZ» ЖШС-нің қуаты жылына 15 мың тонна болатын инвестициялық жобасы жүзеге асырылады. Бұл туралы облыс әкімі Бейбіт Исабаевтың Көксу ауданының тұрғындарымен кездесуі барысында айтылды, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Ауданда ауыл шаруашылығы тауарларын өндіруге үлес қосып, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етіп отырған үш ірі кәсіпорын бар. Атап айтқанда, оның алғашқысы бүгінгі күні шикізат қабылдау және өңдеу жұмыстарын жүргізіп жатқан Көксу қант зауыты болса, екіншісі майлы дақылдарды өңдейтін «Уыз Май Индастри» ЖШС, қазіргі кезде серіктестік 10,5 мың тонна майбұршақ қабылдап, оның 2,2 мың тоннасын қайта өңдеуден өткізді. Ал үшіншісі - Еңбекшіқазақ ауылындағы «Көксу СМ» сүт зауыты («Арқабаев» ЖК). Кәсіпорын жылына 12 мың тонна сүт өңдейді. Шикізатты Көксу, Кербұлақ, Ескелді аудандарынан алады.

- Біздің мақсатымыз - ауданда өндірілген өнімді қайта өңдеу үлесін көтеру. Бұл бағытта бірқатар жұмыстар жүргізілуде. Атап айтқанда, ақпан айында тәулігіне 40 тонна сүт өнімдерін өндіретін «Green Horizon Enterprises» цехы іске қосылды. Сондай-ақ құны 14 млрд. теңге болатын «Beles Agro KZ» ЖШС-нің құс етін өндіретін жобасы жүзеге асырылуда. Осы орайда аудан әкіміне тиісті басқармалармен бірлесіп, өңдеу саласына инвестиция тарту жұмысын күшейтуді тапсырамын, - деді Б. Исабаев.

Атап өтсек, биылғы тоғыз айда Көксу ауданының экономикасына 13,6 млрд. теңге инвестиция тартылған.

Фотограф: Жеңіс Ысқабай, сол сияқты фотосуреттерді Көксу ауданының әкімдігі ұсынды және 1 иллюстрация ашық дереккөздерден алынды.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

ЖЕТИСУ ОБЛЫСЫНДА СОҢҒЫ 3 ЖЫЛДА 32 ЖАҢА СПОРТ НЫСАНЫ САЛЫНЫП, 3 ОБЪЕКТ КҮРДЕЛІ ЖӨНДЕУДЕН ӨТТІ



Жетісу облысында соңғы 3 жылда спорт инфрақұрылымын дамыту бағытында 32 жаңа спорт нысаны салынып, 3 нысанға күрделі жөндеу жүргізілді. Биыл 1 мың адамға шаққанда халықтың спорттық инфрақұрылыммен қамтылу деңгейін 66,8%-ға жеткізу жоспарлануда, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының мәліметінше, өңірде жалпы саны 35 спорт мекемесі бар, оның ішінде балалар мен жасөспірімдерге арналған 23 спорт мектептерінде 57 спорт

түрі бойынша 21 568 спортшы шұғылдана, облыс көлемінде 59 аккредиттелген спорттық федерациялар қызмет атқарады. Биыл жан басына шаққандағы спорттық тапсырыс бойынша 160 спорттық секцияда 6183 бала спортпен шұғылданады. Дене шынықтыру және спортпен жүйелі түрде айналысатын тұрғындардың саны 292 504 адамға жетті, бұл облыс халқының 42%-ы деген сөз.

«Осы орайда 2025 жылы 8 спорттық нысанның құрылысын жүргізуге қаржы бөлінді, олардың 1-еуі қолданысқа берілді, 7-еуі жыл соңына дейін аяқталады.

Бұдан бөлек 5 футбол алаңының құрылысы жүргізіліп, оның 3-еуі Кербұлақ, Панфилов, Сарқан аудандарында қолданысқа берілді. Сонымен қатар жеке инвестор есебінен Қаратал ауданы Кәлпе ауылында блокты-модульдік үстел теннисі кешені ашылды», - дейді басқарма мамандары.

Атап өтсек, жыл басынан бұқаралық спортты және салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында 4 614 іс-шара ұйымдастырылып, 108 мыңдай адам қамтылған.

Жалпы 2025 жылдың он айында облыс спортшылары барлық деңгейдегі жарыстарда 1 046 медаль, яғни 387 алтын, 319 күміс, 340 қола жеңіп алды. Сондай-ақ биыл 9 халықаралық дәрежедегі спорт шебері, 57 Қазақстан Республикасының спорт шебері, 677 спорт шеберіне үміткерлер және бірінші спорттық разрядтағы 204 спортшы дайындалды.

Фотографтар: Жеңіс Ысқабай, Дмитрий Ерофеев, сол сияқты бірқатар фотосуреттер облыс әкімі баспасөз қызметінің архивінен алынды.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

ЧИСТЫЙ РАЙОН — ЧИСТЫЙ ВОЗДУХ



Экология — это не просто модное слово, а одно из важнейших направлений современной жизни. Ведь чистый воздух, зелёные улицы и ухоженные дворы — это здоровье и будущее каждого из нас. Именно поэтому в Ескельдинском районе большое внимание уделяется вопросам чистоты, благоустройства и охраны окружающей среды.

Жители района хорошо понимают: порядок начинается с малого — с чистоты двора, улицы, родного села. Весной и осенью в населённых пунктах проводятся субботники, во время которых люди дружно выходят на уборку мусора, высаживают деревья, красят заборы, очищают берега рек и канавы.

Школьники, молодёжь, работники учреждений и просто неравнодушные жители села принимают активное участие в этих акциях. Ведь когда каждый человек вносит свой вклад, район становится чище, красивее и уютнее.

Большое внимание уделяется экологическому воспитанию молодёжи. В школах проходят классные часы и тематические мероприятия, посвящённые охране природы. Ученики узнают о важности чистоты, сортировки мусора, бережного отношения к воде, почве и воздуху.

Ребята сами становятся инициаторами добрых дел — сажают деревья, ухаживают за клумбами, участвуют в конкурсах «Зелёный двор», «Чистая школа», «Посади своё дерево». Это формирует у них чувство ответственности и любви к родному краю.

Ескельдинский район славится своей природой: чистым воздухом, просторными степями и зелёными насаждениями. Здесь растут редкие растения, поют птицы, журчат ручьи. И сохранить эту красоту — общая задача жителей района.

Работа коммунальных служб, сельских округов и добровольцев направлена на то, чтобы поддерживать чистоту на улицах, ухаживать за парками и зелёными зонами. Всё это помогает не только украсить наш район, но и сохранить здоровье людей, ведь чистый воздух — залог долгой и счастливой жизни.

Сегодня каждый из нас может сделать шаг к тому, чтобы наш район стал ещё лучше: не бросать мусор, беречь зелёные насаждения, участвовать в акциях и подавать пример окружающим.

«Чистый район — чистый воздух, а значит, чистое будущее для наших детей», — так говорят жители Ескельдинского района.

И действительно, когда вокруг чисто, красиво и ухоженно, жить становится приятнее, а сердце наполняется гордостью за свой родной край.

ҚАЗЫНАШЫЛЫҚ ОРГАНДАРЫНДАҒЫ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛДАР

Қазынашылық органдарының қызметінде ашықтықты, адалдықты және заңдылықты қамтамасыз ету мақсатында сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу мен жолын кесуге бағытталған кешенді іс-шаралар жүзеге асырылуда. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың негізгі бағыттарының бірі – ішкі бақылау жүйесін нығайту болып табылады.

Қазынашылық органдарында мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдепті, мінез-құлық ережелерін сақтауына, сондай-ақ мемлекеттік сатып алу, бюджет атқарылуы және қаржылық есептілік салаларындағы заңнама талаптарының орындалуына тұрақты мониторинг жүргізіледі. Бұл бұзушылықтардың алдын алуға және қызметкерлердің өз жұмысы үшін жауапкершілігін арттыруға мүмкіндік береді. Қазынашылық процестерді цифрландыру да маңызды рөл атқарады. «Қазынашылық-Клиент» сияқты заманауи автоматтандырылған жүйелердің енгізілуі адам факторды барынша азайтуға, қаржылық құжаттарды орындау процесіне қолмен араласуды болдырмауға және қабылданатын шешімдердің объективтілігін қамтамасыз етуге ықпал етеді.

Мемлекеттік органдар арасындағы электрондық өзара іс-қимыл сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін едәуір төмендетеді. Сонымен қатар, қызметкерлер арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға ерекше көңіл бөлінеді. Құқықтық сауаттылықты арттыруға, этикалық мінез-құлықты дамытуға және сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті қалыптастыруға бағытталған оқыту семинарлары, техникалық сабақтар мен тренингтер тұрақты түрде өткізіледі.

Азаматтардың қазынашылық органдарына деген сенімін арттыру мақсатында кері байланыс тетіктері енгізілуде — электрондық өтініштер, азаматтарды қабылдау, сондай-ақ онлайн-кеңестер ұйымдастырылған. Әрбір қазынашылық қызметкері сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама нормаларын сақтауға жеке жауапты және анықталған құқық бұзушылықтар туралы уәкілетті органдарға дереу хабарлауға міндетті. Қазынашылық органдарындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет мемлекеттік саясаттың ажырамаз бөлігі болып табылады және ол мемлекеттік қаржы ресурстарын басқаруда ашықтықты, тиімділікті және жауапкершілікті арттыруға бағытталған.

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі жүйелі тәсіл қоғамның мемлекеттік институттарға деген сенімін нығайтып, Қазақстан экономикасының орнықты дамуына ықпал етеді.

Ескелді аудандық қазынашылық басқармасының ұжымы да сыбайлас жемқорлыққа қатаң бақылауда ұстанады.

А.С. Киялбекова, Ескелді аудандық қазынашылық басқармасының басшысы

ТЕМІРЖОЛ БОЙЫНДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК — ӨМІР КЕПІЛІ



Қазіргі заманда теміржол көлігі – адамдар мен жүктерді тасымалдаудың ең тиімді әрі кең тараған түрлерінің бірі. Дегенмен, теміржол — жоғары қауіпті аймақтардың бірі болып табылады. Сол себепті әрбір азаматтың теміржол маңындағы қауіпсіздік ережелерін білуі және сақтауы өте маңызды.

Теміржолдағы негізгі қауіптер Теміржолда болатын жазатайым оқиғалардың көпшілігі адамдардың абайсыздығынан немесе ережені бұзуынан туындайды. Пойыздың үлкен жылдамдықпен қозғалуына байланысты оны бірден тоқтату мүмкін емес. Кейбір заманауи пойыздар өте тыныш жүреді, сондықтан алыстан келе жатқан пойызды есту қиын болуы мүмкін. Сонымен қатар, теміржол бойында жоғары вольтты электр желілері орналасқан, ол адамның өміріне зор қауіп төндіреді.

Ең жиі кездесетін қауіпті жағдайлардың бірі — адамдардың рұқсат етілмеген жерден өтуі немесе пойыз тоқтаған кезде оның астынан өтуі. Мұндай әрекеттер ауыр жарақатқа немесе өлімге әкелуі мүмкін.

Қауіпсіздік ережелерін сақтау — өмір кепілі Теміржол маңында қауіпсіздік ережелерін сақтау — әр адамның азаматтық борышы.

Мына қарапайым ережелерді есте сақтау қажет:

- Теміржолды тек арнайы белгіленген өткелдер мен көпірлер арқылы кесіп өту керек;
 - Пойыз келе жатқан кезде рельске 5 метрден артық жақындауға болмайды;
 - Құлаққап киіп немесе телефон пайдаланып өту қауіпті, себебі пойыздың дыбысын естімей қалуыңыз мүмкін;
 - Пойыз тоқтаған кезде оның астынан немесе вагондар арасынан өтпеңіз;
 - Электр желілеріне, пойыздың төбесіне немесе жүктерге шығуға қатаң тыйым салынады;
 - Балалар теміржол маңында ересектердің бақылауында болуы тиіс.
- Қауіпсіздік ережелерін сақтау – өз өміріңе және өзге адамдардың өміріне деген жауапкершілік. Бір сәттік немқұрайлық қайғылы жағдайға әкелуі мүмкін. Сондықтан теміржол бойында жүріп-тұрғанда әрдайым сақ болып, белгіленген ережелерді орындау қажет.
- Теміржолдағы қауіпсіздік — баршамыздың ортақ міндетіміз.
- Асан Ермақанұлы

ТАЛАНТ, ТРУД И ВДОХНОВЕНИЕ



В нашем Ескельдинском районе живёт и работает удивительная женщина — Марина Владимировна, человек с золотыми руками и добрым сердцем. Уже много лет она занимается любимым делом — шитьём. Её мастерство, терпение и любовь к своему ремеслу делают каждую вещь настоящим произведением искусства.

С раннего детства Марина Владимировна увлекалась рукоделием. Она часто наблюдала, как её мама и бабушка шили, вышивали и украшали одежду. Именно тогда в девочке проснулось желание создавать красоту своими руками. Её первая работа — простое платье для школьного праздника — стала началом большого пути.

После окончания школы Марина Владимировна выбрала профессию швеи. С годами её умения росли, вместе с ними — и любовь к своему делу. Она прошла долгий путь от начинающей рукодельницы до уважаемого мастера, к которому обращаются не только жители Ескельдинского района, но и гости из соседних населённых пунктов.

Особая гордость Марины Владимировны — её национальные казахские наряды. Она с душой и любовью шьёт красивые казахские платья и традиционные камзолы, бережно сохраняя элементы национальной культуры. В каждой работе — история, характер и дух казахского народа.

Её изделия отличаются гармонией цвета, качеством ткани и точностью кроя. Камзолы, украшенные узорами и тесьмой, поражают красотой и изяществом. Женские платья, сшитые Мариной Владимировной, всегда подчёркивают национальные мотивы и женственность. Многие из них жители района надевают на праздники -другие торжества.

Рабочее место Марины Владимировны — это маленький творческий уголок, где всегда царит порядок и вдохновение. За швейной машиной она может проводить целые дни, не замечая времени. Для неё важно, чтобы каждая строчка была ровной, каждый шов — аккуратным, а готовое изделие — радовало человека.

Коллеги и заказчики отмечают, что Марина Владимировна никогда не откажет в помощи.

Если кто-то из молодых девушек интересуется шитьём, она с радостью делится опытом, объясняет тонкости выкроек, показывает, как правильно подбирать ткань и украшения.

«Когда человек надевает вещь, сшитую моими руками, и улыбается — это лучшая награда», — говорит Марина Владимировна.

Марина Владимировна не только талантливая мастерица, но и отзывчивый, скромный человек. Она всегда готова помочь, поддержать добрым словом. Многие жители района приходят к ней не только за новой одеждой, но и просто за советом, ведь с ней легко и приятно общаться.

Её творчество вдохновляет других, а любовь к национальной культуре помогает сохранять традиции нашего народа.

Сегодня имя Марины Владимировны хорошо известно в Ескельдинском районе. Её изделия украшают многие гардеробы, а уважение людей — лучшая оценка её труда. Она доказала, что, если любить своё дело, можно добиться больших успехов и принести пользу родному краю.

Такие мастера, как Марина Владимировна, — настоящая гордость нашего района. Благодаря им сохраняются традиции, развивается народное творчество, передаются мастерство и красота будущим поколениям.



8-ҚАРАША – ҚАЗАҚСТАННЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАТИСТИКА КҮНІНЕ 105 ЖЫЛ

БИ - ГҮЛ КӨҢІЛДІҢ АЙҒАҒЫ



«Статистиканы» ешқандай маңызы жоқ, Қазқатар сандар тізбесін деп түсінеді. Мұндай ұғымды ұстанушылар көрсетілген сандық көрсеткіштердің неге керек екенін білмейтіндер, оның мағынасын жетік түсінбейтіндер және өзі өмір сүріп жатқан елінің жетістіктері мен кемшіліктерін саралай алмайтындар. Шын мәнінде статистика дегеніміз сандық көрсеткіштердің жиыны. Ол уақыт өткен сайын өзара байланыста әрқашан дамып, жетіп, толығып отырады. Олай болса, оқыған, білімдар адамдар сол көрсетілген сандық көрсеткіштерді оқи және түсіне білуі керек. Себебі ондағы көрсетілген сандық көрсеткіштер арқылы мемлекетіміздің саяси және әлеуметтік-экономикалық даму немесе кему процесстерін толығымен көрінуге болады. Сонымен бірге статистикалық сандық көрсеткіштерді қолданып, оған талдау жасау арқылы болашаққа, яғни белгілі бір кезеңге болжам жасауға толық мүмкіндік туады. Демек, статистикада жай әншейін берілген құрғақ сандық көрсеткіштер емес, онда тек қана айқын, дәлелді, нақты сандық мәліметтер көрсетіледі.

Мысалы, қанша халықтың тұратындығы, оның ішінде:

- еңбекке жарамдылары;
- дүниеге қанша сәби келіп, қанша адамның қайтыс болғаны;
- өнеркәсіп орындарының өндірген өнімдері;
- халықты күнделікті керекті тұтыну заттарымен қамтамасыз ету;
- азық-түлік мөлшерінің қанша және қандай жағдайда екендігі;
- олардың облыстарға, аудандарға қалай бөлінетіндерін біз біліп отырғымыз келеді. Ендеше ондай сұрақтарға толық жауапты тек статистика органдары арқылы ғана алуға болады. Статистика термині «Stato»-»Status»-жағдай деген латынның сөзінен шыққан.

Бүгінгі Қазақстан аумағында жүйелі және орталықтандырылған статистикалық қызметтің өмірге келуі 18 ғасырдың екінші жартысына, былайша айтқанда Қазақстанның Ресей империясының құрамына кіру кезеңіне жатады. Қазақстан аумағында құрылған бірінші мемлекеттік ресми статистикалық орган болып, Түркістан губерналық статистикалық комитет (құрылған күні-1868 жылдың 22-қаңтары) пен Сырдария және Жетісу облыстарындағы статбюролар саналды. 19 ғасырдың 70-жылдарының ортасында Орал облыстық статкомитеті, 1877 жылы Семей және Акмола (Омск қаласында) және 1895 жылы Торғай облыстарының статкомитеттері ұйымдастырылды. Бірақ 1920 жылға дейін Қазақстанда аталған және басқа да жергілікті статистикалық қызметті біріктіретін бірыңғай статистикалық орган болған жоқ. Ресей Кеңестік Федерациялық Социалистік Республикасы құрамында Қазақ Автономиялық Социалистік Республикасы құрылуына (1920 жыл 26 тамыз) байланысты Қазақ АКСР-ның Үкіметі өзінің 1920 жылғы 8 қарашадағы қаулысымен «Қазақ АКСР-ы мемлекеттік статистикасы туралы Ережені бекітті және Қазақ АКСР-ның статистика басқармасы құрылды және Қазақстанның орталықтандырылған бірыңғай статистика органының құрылған күні болып қабылданды. Қазақстандағы мемлекеттік статистикалық қызмет 1992 жылдан Біріккен Ұлттар Ұйымындағы Еуропалық экономикалық комиссияның 47-сессиясында қабылданған статистикалық принциптерге негізделді. Бұл принциптер Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік статистика туралы» Заңында бекітілген. Мемлекеттік статистика органдарының негізгі міндеті-сапалы статистикалық ақпарат алуда пайдаланушылардың сұранысын қанағаттандыру. Статистика органдарының қызметкерлері ел дамуындағы көптеген маңызды міндеттердің табысты түрде шешілуіне өз үлестерін қосып келеді. Қазіргі уақытта Қазақстанның мемлекеттік статистикасында заманауи статистикалық жүйелердің барлық міндетті атрибуттары бар. Олар: заңнамалық база статистикалық құрылым, стандартқа сай статистикалық әдістемелер. Осының барлығы статистикалық ақпарат сапасының кепілдемесі болып есептеледі.

Статистика комитетінің аумақтық органы болып табылатын Жетісу облысының статистика департаменті халыққа және бизнеске арналған ресми статистикалық ақпаратты таратуда ашықтық және қолжетімділік принциптерін ұстанады. Пайдаланушыларға арналған статистикалық қолжетімділігін қамтамасыз ету бойынша департамент өте үлкен жұмыстар атқаруда. Қазіргі күнде қолданушылар департаменттің интернет-ресурстарынан кез-келген уақытта барлық өндірілетін статистикалық ақпаратты өзіне ыңғайлы нысанда таба алады. Статистикалық ақпаратты пайдаланушылар санының өсуі олардың статистикаға деген сенімі мен қызығушылығының өсіп келе жатқандығын көрсетеді. Экономика жаппай цифрландыру шеңберінде статистикалық мәліметтерді пайдаланушыларға қолайлы болу үшін комитет интернет –ресурстың, кез-келген мобильді құрылғы мен планшеттегі түрлі браузерлерде «Талдау» ақпараттық-талдау қызметі көрініп тұруын жүзеге асырды. Соңғы уақытта ақпараттық технологиялардың дамуына байланысты респонденттерді ақпараттандыру үшін әлеуметтік желілерді пайдалануға ерекше көңіл аударылуда. Мысалы, «Facebook», «В контакте», «Instagram», «YouTube» әлеуметтік желілерінде департаменттің ресми акаунттары тіркелген. Мұнда мүдделі тұлғаларға статистикалық нысандарды ұсыну мерзімі, оларды толтыру тәртібі және басқалары туралы ақпараттар беріледі. Жылдар өткен сайын қолжетімді статистикалық ақпараттар шоғыры кеңеліп, статистикалық ақпараттарды жыйнау, құру, сақтау және тарату технологиялары жетілдіруде. Енгізілген заманауи ақпараттық технологиялардың бірі «e-Статистика» біріктірілген жүйесі. Мұнда 8 жаңа ақпараттық жүйе-компонент өзара бірігіп құралған. Өңделген «Онлайн» режимде деректерді жинау» ақпараттық жүйесі респонденттерге өз жұмыс орнынан (ЭЦҚ-электронды-цифрлы қолтаңбасы болған жағдайда) бекітілген статистикалық нысандардың 90%-нан астамын электронды нұсқада тапсыруға мүмкіндік берді. Статистикалық деректердің сапасы мен дәлдігі өте маңызды, өйткені, олар –жалпы ел және жеке аймақтар экономикасының жағдайын анықтайтын жалғыз ақпарат көзі. Статистикалық деректер әлеуметтік-экономикалық жағдайды нақты көрсетуі қажет. Респонденттер ұсынатын алғашқы деректердің шынайлығы –статистикалық көрсеткіштер сапасын қамтамасыз етудің негізі. Сондықтан бұл үшін бірнеше бағыт бойынша жұмыстар атқарылуда, респонденттер үшін нұсқамалық материалдар әзірленуде, деректерді жинауда оларды енгізу мен еңдеу де қателерге жол бермейтін заманауи технологиялар қолданылуда.

Респонденттердің есеп тапсыру тәртібімен оны толтыру сапасын арттырудағы табысты әдістердің бірі –есеп тәртібін бұзушыларға айыппұл салу түріндегі әкімшілік жауапкершілікке тарту жұмыстары.

Статистика күні кәсіби мерекесінің қарсаңында Ескелді ауданының Статистика бөлімінде еңбек етіп зейнеткерлікке шыққан ардагерлерімізді атап өтсек. Жанчойынов Н.М., Шаймерденова П., Абылқайыров Қ.Ш., Керейбаев Ө.К. Н.О. Еселбай, Р.С. Сембаева, аудан экономикасының көрсеткіштерінің дұрыс есептелуіне өз үлестерін қосып жүрген Ш.А. Исабеков, Ж.І. Бектенова, Г.С. Бейсбекова, Қалдыбаева, Р.А. Ахметова секілді әріптес-терімізді ілтипатпен атаймыз. Оларды алда келе жатқан Қазақстанның мемлекеттік статистикасы күніне 105 жылдық кәсіби мейрамы –Статистика күнімен құттықтаймыз. Мықты денсаулық, мол бақыт, еңбекте табыс, отбасыларыңызға амандық пен береке тілейміз!

Ескелді ауданының статистика бөлімі



2025 жылдың 1 қараша күні Алматы қаласында өткен Халықаралық «Гұмырдария» ән-би, жыр-күй жасөспірімдер мен жастар арасындағы өнер байқауында Ескелді ауданынан «Би» жанры бойынша лауреат «АлиНаз» би ансамблінің орта тобы Бас жүлде дипломымен марапатталды. Жетекшісі - өз ісінің маманы Баймұхамбетова Айнұр Естемесқызы.

«Ұлы Жібек Жолы» атты Қазақстан және Қытай Халық Республикасымен бірлесіп ұйымдастырылған Қорғас қаласында өтетін өнер байқауына және «Гұмырдария» Республикалық ән-би, жыр-күй жас талантты өнерпаздардың телефестиваліне «АлиНаз» би ансамблі жолдама алды. Бұл фестивальда да жас өнерпаздарымыздың жеңіспен оралатынына сенім білдіре отырып, ансамбльге шығармашылық табыстар тілейміз.

Айман Ұлдаханқызы
Аудандық мәдениет үйінің әдіскері

ӨНЕРІМІЗ - ӨРДЕ



2025 жылдың 27-29 қазан аралығында Астана қаласында «Ұлы Отан соғысының Жеңісіне 80 жыл» мерейтойы және «Ақ көгершін» балалар қорының 20 жылдығына арналған ХХ мерейтойлық Халықаралық фестиваль байқау өтті.

Іс-шара Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі мен Астана қаласы әкімдігінің қолдауымен «Жастар» сарайында ұйымдастырылды. Жетісу облысынан бұл байқауға екі бағыт бойынша барлығы 18 жас қатысушы өнер көрсетті. Би номинациясы бойынша Жетісу облысы атынан қатысқан Ескелді ауданының «Ай-ана» би ансамблінің үлкен тобы Гран при иегері атанды. Жетекшісі мәдениет саласының майталманы Бешен Жанар «Үздік ұстаз» дипломымен марапатталды.

Болгария елінде өтетін халықаралық байқауға «Айана» би ансамблі жолдама алды. Жас өнерпаздарды айтулы жеңістерімен құттықтаймыз! Шығармашылық табыстар мен жаңа жетістіктер тілейміз!

Айман Ұлдаханқызы
Аудандық мәдениет үйінің әдіскері

АДАЛДЫҚ АЛАҢЫ – ПАРАСАТТЫЛЫҚ ПЕН СЕНІМ ОРДАСЫ

Бүгінгі таңда елімізде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, ашықтық пен әділдік қағидаттарын нығайту – басты мақсаттардың бірі болып отыр. Осы бағытта жүзеге асырылып жатқан маңызды жобалардың бірі – «Адалдық алаңы». Бұл бастама қоғамда парасаттылықты дәріптеп, халықтың мемлекеттік органдарға деген сенімін арттыруды көздейді. Жобаның мақсаты мен міндеттері

- «Адалдық алаңы» жобасының негізгі мақсаты – жемқорлықтан ада, әділ және жауапты қоғам құру.
- Жобаның басты міндеттері мыналар:
 - мемлекеттік қызмет көрсетудің ашықтығы мен айқындығын қамтамасыз ету;
 - қоғам мен билік арасындағы сенімді нығайту;
 - азаматтардың құқықтық және этикалық мәдениетін көтеру;
 - жастар арасында адалдық пен әділдік құндылықтарын насихаттау.
- Жобаның маңызды бөлігі – жастардың қатысуы. Мектептер мен жоғары оқу орындарында «Адалдық клубтары» құрылып, студенттер мен оқушылар арасында адалдық пен әділдік қағидаттары кеңінен насихатталады. Бұл – болашақ ұрпақтың жауапкершілігі мен азаматтық ұстанымын қалыптастырудың тиімді жолы. «Адалдық алаңы» – бұл тек жоба емес, қоғамдық қозғалыс. Оның басты мақсаты – әрбір азаматтың санасында адалдық пен әділдік ұстанымын орнықтыру. Егер әрқайсымыз өз ісімізде адал болсақ, елімізде сенім мен әділдік салтанат құрады.

Л.Копабаева,
Төлеңгіт ауылдық округі әкімінің аппараты мемлекеттік мекемесінің бас маманы

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІНІҢ ӘДЕБІ – ХАЛЫҚ СЕНІМІНІҢ КЕПШІ

Мемлекеттік қызметші – мемлекеттің айнасы. Ол тек өз міндетін атқарушы тұлға ғана емес, халық пен билік арасындағы сенім көпірін қалыптастырушы. Сондықтан мемлекеттік қызметшінің әдебі – жай мінез-құлық емес, ел алдындағы жауапкершіліктің көрінісі.

Мемлекеттік қызметкердің сыртқы келбеті, сөйлеу мәнері, қарым-қатынас әдебі – бәрі қызметтің сапасына тікелей әсер етеді. Себебі азамат кез келген мемлекеттік мекемеге келгенде ең алдымен сол қызметшінің көзқарасы мен қарым-қатынасы арқылы бүкіл жүйеге баға береді. Сол себепті мемлекеттік қызметші әдебі – мемлекетке деген көзқарасқа әсер ететін маңызды фактор. Әдептілік – әлсіздік емес. Бұл – биік парасат, терең сана, жоғары мәдениеттің көрінісі. Мемлекеттік қызметкер сабырсыздыққа жол бермеуі керек. Себебі қызмет барысында түрлі мінез-құлықтағы азаматтармен бетпе-бет келеді. Әрқайсысына жеке көзқарас танытып, сыпайылық шеңберінен шықпай, мәселесін шешуге ықылас танытқан қызметші ғана халықтың ризашылығына бөлене алады.

Бүгінгі қоғамда мемлекеттік қызметтің беделін көтеру үшін тек кәсіби біліктілік жеткіліксіз. Этикалық ұстанымдар, ұқыптылық, халыққа жанашырлық – заманауи қызметкердің басты бағдары болуы керек. Әдеп нормаларына сәйкес әрекет ете білген қызметші ғана халық сенімін ақтап, қызмет сапасын жаңа деңгейге көтереді. Әдептілік арқылы ғана мемлекеттік қызметтің сапасын арттырып, халықтың билікке деген сенімін нығайтуға болады. Сондықтан әрбір мемлекеттік қызметкер үшін әдеп – міндет емес, ішкі қажеттілікке айналуы қажет.

Дюсебаев Берік Аналбайұлы,
Ескелді ауданы әкімі аппаратының басшысы-
Әдеп жөніндегі уәкілі

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС- ЕЛІМІЗДІҢ БОЛШАҒЫНА ТӨНЕТІН ҚАУІПТІ ЖОЮ

Сыбайлас жемқорлықпен күрес - еліміздің болашағына төнетін қауіпті жою.

Сыбайлас жемқорлық-қоғамның дамуына төнетін аса қауіпті қатерлердің бірі. Бұл азаматтардың мемлекетке деген сеніміне нұқсан келтіреді, құқықтық жүйе мен моральдық нормаларды бұзады, экономика мен әлеуметтік дамуға деструктивті әсер етеді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес өз азаматтары үшін тұрақты және гүлденген болашақты қамтамасыз етуге ұмтылатын көптеген елдердің күш-жігерінің ажырамас бөлігіне айналады.

Сыбайлас жемқорлық пара беру және пара беру сияқты күнделікті көріністерден бастап, мемлекеттік органдар мен бизнестегі ірі сыбайлас жемқорлық схемаларына дейінгі қоғамның әртүрлі салаларын қамтиды. Бұл экономика мен әлеуметтік әділеттіліктің қалыпты жұмысына қауіп төндіреді. Сыбайлас жемқорлық жағдайында ресурстар тиімді пайдаланылмайды, бұл теңсіздік пен кедейлікке әкеледі.Сыбайлас жемқорлық азаматтардың Үкімет пен билік институттарына деген сенімін бұзады. Адамдар ақша мен биліктің жеке пайда табу үшін пайдаланылғанын көргенде, олар жүйенің әділдігі мен адалдығына деген сенімін жоғалтады. Бұл саяси тұрақсыздыққа, тіпті әлеуметтік қақтығыстарға әкелуі мүмкін.Сыбайлас жемқорлық экономикаға елеулі әсер етеді. Бұл кәсіпкерліктің дамуына кедергі келтіреді, инвесторларды қорқытады және елдің бәсекеге қабілеттілігін төмендетеді. Сыбайлас жемқорлық өркендеген кезде ресурстар экономиканың өсуіне ықпал ететін жобаларға емес, жемқор шенеуніктер мен кәсіпкерлердің мүдделерін қанағаттандыруға бағытталады.Сыбайлас жемқорлық құқықтық жүйені бұзады, өйткені ол жемқор шенеуніктер мен кәсіпкерлерге өз әрекеттері үшін жазадан аулақ болуға мүмкіндік береді. Бұл жазасыздыққа алып келеді және жауапсыздық мәдениетін нығайтады, бұл сыбайлас жемқорлықты одан әрі күшейтеді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес – еліміздің тұрақты және гүлденген болашағын қамтамасыз етудің маңызды шарты. Сыбайлас жемқорлық құқық тәртібіне, экономикаға және жалпы қоғамға қауіп төндіреді. Сондықтан әр азамат барлығына адал және әділ болашақты қамтамасыз ету үшін осы күреске белсенді қатысуы керек.

Құрметпен, Ескелді ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер Басқармасы !

БОРЬБА С КОРРУПЦИЕЙ – ЭТО БОРЬБА ЗА БУДУЩЕЕ НАШЕЙ СТРАНЫ

Коррупция является одной из наиболее серьезных угроз развитию общества. Она подрывает доверие граждан к государству, разрушает правовую систему и моральные нормы, и оказывает разрушительное воздействие на экономику и социальное развитие. Борьба с коррупцией становится неотъемлемой частью усилий многих стран, стремящихся обеспечить устойчивое и процветающее будущее для своих граждан.Коррупция охватывает различные сферы общества, начиная от мелких повседневных проявлений, таких как взятки и подкуп, и заканчивая крупными коррупционными схемами в государственных учреждениях и бизнесе.

Это угрожает нормальному функционированию экономики и социальной справедливости. В условиях коррупции ресурсы не используются эффективно, что приводит к неравенству и бедности.Коррупция разрушает доверие граждан к правительству и институтам власти. Когда люди видят, что деньги и власть используются для личной выгоды, они теряют веру в справедливость и честность системы. Это может привести к политической нестабильности и даже к социальным конфликтам.Коррупция имеет серьезное воздействие на экономику. Она препятствует развитию предпринимательства, отпугивает инвесторов и снижает конкурентоспособность страны. Когда коррупция процветает, ресурсы направляются не на те проекты, которые могли бы способствовать росту экономики, а на удовлетворение интересов коррумпированных чиновников и предпринимателей.Коррупция подрывает правовую систему, так как она позволяет коррумпированным чиновникам и бизнесменам избегать наказания за свои действия. Это ведет к безнаказанности и укрепляет культуру безответности, что дополнительно усиливает коррупцию.

Борьба с коррупцией – это важнейшее условие для обеспечения устойчивого и процветающего будущего нашей страны. Коррупция угрожает правопорядку, экономике и обществу в целом. Поэтому каждый гражданин должен активно участвовать в этой борьбе, чтобы обеспечить честное и справедливое будущее для всех.

С уважением,
Управление государственных доходов Ескельдинского района!

ЗАВЕРШЕН АНАЛИЗ СОСТОЯНИЯ КОНКУРЕНЦИИ НА РЫНКЕ ОПТОВОЙ РЕАЛИЗАЦИИ ПОДСОЛНЕЧНОГО МАСЛА В ОБЛАСТИ ЖЕТИСУ

Департамент Агентства по защите и развитию конкуренции Республики Казахстан по области Жетісу завершил плановый анализ состояния конкурентной среды на рынке оптовой реализации подсолнечного масла (рафинированного и нерафинированного) в географических границах области Жетісу за период 2024 года и январь–июнь 2025 года.

Целью анализа являлось определение уровня развития конкуренции, выявление хозяйствующих субъектов, занимающих доминирующее или монопольное положение, а также установление признаков возможных нарушений антимонопольного законодательства, включая злоупотребление доминирующим положением.

По итогам анализа установлено, что рынок оптовой реализации подсолнечного масла (рафинированного/нерафинированного) в пределах области Жетісу относится к высококонцентрированным (I тип). Конкуренция на данном рынке оценивается как неразвитая.

КӨМІРДІ САҚТАУДАҒЫ ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ

Өз бетімен өртену қасиетіне байланысты тас көмірлер екі топқа бөлінеді:
1.Антрацит, «Т» маркалы тас көмірлер –кокс; 2.Қауіпті – барлық қоңыр және басқа тас көмірлер.
Көмірдің өз бетімен жанғаны будың пайда болуынан , қардың еруінен және басқа да белгілерден білуге болады. Көмірге қауіпті температура 60 градус және одан жоғары.Тас көмірді ашық алаңдарда, шатырдың астында, арнайы шұңқырларда, жер қабаттарда және қоймаларда сақтау керек.Көмір сақтайтын қоймалардың, алаңдардың едендерін қоқыстан, өсімдіктерден, күлден және басқа да заттардан тазартып отыру керек. Ашық алаңдарда көмірді штабельге жаяды. Жер қабатты немесе жартылай жер қабатты жайларда көмірді өз бетімен өртенбеуі үшін биіктігі 1 метр штабельдің ішінде сақтау керек.Жаңадан әкелген көмірді бірінші кезекте пайдалану керек. Тұрақты және қауіпті көмірлерді бірге сақтауға болмайды. Механикаландырылған қоймаларда штабельдің биіктігі шектелмейді. Ал жай қоймаларда штабельдің биіктігі 2,5 метр, ені 20 метр болуы керек. Штабельдің температурасы 60 градустан жоғары болса, көмірді аударыстыру арқылы суыту керек немесе қосымша тығыздандыру керек. Өртенген көмірді сумен өшіруге болмайды. Тас көмір қоймалары өрт сөндіру құралдарымен, құммен, топырақпен, сумен, өрт сөндіргіштермен, күректермен қамтамасыз етілу қажет.

Қ. Әшімов,
Ескелді ауданы ТЖБ аға инженері азаматтық қорғау капитаны

ҚОҒАМДАҒЫ ТАТУЛЫҚ ПЕН КЕЛІСІМ ЖОЛЫНДАҒЫ МЕДИАЦИЯНЫҢ РӨЛІ

Қоғамның басты құндылығы бейбітшілік пен бірлік. Ел ішінде татулық пен өзара түсіністік сақталса, мемлекеттің дамуы да тұрақты, болашағы да берік болмақ. Осындай игі мақсатқа жетудің тиімді тетіктерінің бірі медиация институты. Медиация дауласушы тараптардың өзара келісімге келуіне көмектесетін баламалы тәсіл. Ол сот төрелігіне дейін немесе сот барысында дауларды бейбіт жолмен шешуге мүмкіндік беретін өркениетті құрал. Бұл институттың басты қағидасы өзара сыйластық, ашық диалог және келісім мәдениеті.Соңғы жылдары елімізде медиация кеңінен дамып келеді. Қазақстан Республикасының «Медиация туралы» Заңы азаматтық, еңбек, отбасылық және өзге де құқықтық дауларды шешудің тиімді жолдарын ұсынады. Бұл - тек құқықтық тетік ғана емес, қоғамда адамгершілік пен сенімнің орнығуына бағытталған әлеуметтік құбылыс. Сот тәжірибесінде де медиацияның маңызы артып келеді. Сотқа жүгінген азаматтар арасында татуласу арқылы шешілген істердің саны жылдан-жылға көбеюде. Бұл азаматтардың құқықтық мәдениетінің өскенін, сондай-ақ дауды шешудің өркениетті жолына бет алғанын көрсетеді. Татуласу ол тек бір дауды шешу емес, болашақта туындауы мүмкін жаңа кикілжіңдердің алдын алу.Медиацияның тағы бір артықшылығы уақыт пен қаржыны үнемдейді. Сот процесіне қарағанда, медиация барысында тараптар өз еркімен, өз шешімімен ортақ мәмілеге келеді. Мұндай жолмен шешілген дау адамдардың өзара қарым-қатынасын сақтап қана қоймай, қоғамдағы татулықтың нығаюына да ықпал етеді. Татуласу мәдениеті халқымыздың қанында бар қасиет. «Бірлік бар жерде тірлік бар» деген дана сөз медиацияның басты идеясымен үндес. Сондықтан медиацияны дамыту ұлттық дәстүрлеріміз бен қазіргі құқықтық жүйеміздің сабақтастығын көрсетеді.

Медиация қоғамдағы бейбітшілік пен келісімнің берік діңгегі. Әрбір азамат дау-дамайға емес, татулыққа ұмтылса, елдің болашағы да жарқын болмақ. Сот төрелігінің басты мақсаты құқықты қорғаумен қатар, қоғамдағы келісім мен өзара түсіністікті нығайту. Осы бағытта медиацияның рөлі айрықша екенін атап өткен жөн.

Индира ИДРИСОВА
Ескелді аудандық соты әкімшісінің басшысы

МОШЕННИКИ ОСВАИВАЮТ НОВЫЕ СХЕМЫ ОБМАНА! БУДЬТЕ БДИТЕЛЬНЫ!



В условиях активного развития цифровых технологий граждане получают всё более широкий доступ посредством сети Интернет к государственным, финансовым и иным электронным услугам. Однако, одновременно с этим, активно развиваются способы и методы преступлений в сфере интернет-мошенничества. Просим Вас быть особенно внимательным - мошенники активно пользуются возможностью быстро развивающегося искусственного интеллекта, создавая видео, аудиозаписи и изображения, в которых лица и голоса людей заменяются на реальные. Оказывая психологическое давление и используя доверие граждан к официальным структурам, мошенники часто представляют сотрудников государственных органов, банков, правоохранительных органов, операторов связи и других организаций с целью получения доступа к персональной и финансовой информации.

В целях вашей безопасности и предотвращения мошенничества АО «ЕНПФ» напоминает:

- Оформление пенсионных выплат происходит без посредников и комиссий;
- ЕНПФ не взимает плату при оказании услуг, а все выплаты осуществляются строго по закону;
- Целевое использование накоплений на жилье и лечение осуществляется только через уполномоченных операторов (банки второго уровня);
- Работники государственных органов, банков, правоохранительных структур, операторов связи и ЕНПФ никогда не запрашивают по телефону, электронной почте или через мессенджеры персональные данные, реквизиты банковских карт, SMS-коды и иную конфиденциальную информацию;
- Если звонящие обращаются к Вам по имени и отчеству и знают ваш адрес проживания и место работы, это не означает, что эти люди являются официальными лицами. Все необходимые данные можно получить разными способами.
- В случае получения подозрительного звонка, сообщения или письма рекомендуется:
- Немедленно прекратить общение с предполагаемым злоумышленником.
- Зафиксировать информацию о контакте (включая скриншоты переписки, номера телефонов, электронные адреса, ссылки на сайты и иные данные).
- Обратиться в правоохранительные органы или в службу поддержки соответствующей организации (банка, оператора связи и т. д.) для уточнения информации и принятия дальнейших мер.

ЕНПФ настоятельно рекомендует получать информацию из официальных источников и действовать исключительно в правовом поле. Получить ответы на все вопросы и проверить информацию, касательно изъятия и перевода своих пенсионных накоплений Вы можете как в отделениях ЕНПФ, так и дистанционно:

- посредством сайта enpf.kz, мобильного приложения БЖЗК/ЕНПФ;
- через многоканальную бесплатную связь, позвонив на номер call-центра 1418, а также посредством WhatsApp по номеру +7 777 000 1418;
- на официальных страницах ЕНПФ в социальных сетях на таких популярных платформах, как «Одноклассники», Telegram, «Facebook», «В контакте», «X» и «Instagram».

Ознакомьте своих близких, особенно пожилых родственников, с правилами информационной безопасности.

Соблюдайте меры предосторожности и тем самым Вы обеспечите сохранность, безопасность и конфиденциальность своих персональных данных.

БЖЗҚ САЛЫҚ ЗАҢНАМАСЫНА ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРІСТЕРДІ ЕСТЕРІҢІЗГЕ САЛАДЫ



1)Қолданыстағы Салық кодексіне әлеуметтік осал санаттарға жататын тұлғалардың біржолғы зейнетақы төлемі (БЗТ) түріндегі табысына салық шегерімдерін қолдану мерзімдеріне қатысты қандай өзгерістер енгізілді?

Қолданыстағы салық заңнамасына сәйкес тұрғын үйге немесе емделуге біржолғы зейнетақы төлемдерін (БЗТ) пайдаланған кезде жеке табыс салығын (ЖТС) төлеу салымшының таңдауына қалдырылады: БЗТ алған кезде бірден немесе кесте бойынша зейнетақы төлемдерін 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап әлеуметтік осал топқа жататын тұлғалардың БЗТ түріндегі салық салынатын табысына стандартты салық шегерімдері (882 АЕК шегінде)

қолданылады. Бұл осы санатқа жататын алушылар БЗТ алған күннен бастап үш жыл ішінде ЖТС қайта есептеу мен өтеуді қолдану үшін БЖЗҚ-ға тиісті өтінішпен және растайтын құжаттармен жүгіне алатынын білдіреді. Алайда, БЗТ-ны 2021-2022 жылдары алған адамдар әртүрлі себептермен бұл мүмкіндікті пайдалана алмады. 2025 жылғы 15 шілдеде қолданыстағы Салық кодексіне өзгерістер мен толықтырулардың қабылдануына байланысты жеке тұлғалардың осындай өтініштері үшін белгіленген талап қою мерзімі 3 жылдан 5 жылға дейін ұлғайтылды.

2)Кірістерді қайта есептеп, ЖТС қайтаруға кімнің құқығы бар екенін түсіндіріңізші? Қайда жүгіну керек? Салық салынатын кірісті қайта есептеп, ЖТС қайтаруға құқығы бар жеке тұлғалардың тізбесі қолданыстағы Салық кодексінде айқындалған. Бұл бірінші, екінші немесе үшінші топтағы мүгедектер, мүгедек балалардың ата-аналарының немесе қамқоршыларының бірі, бала асырап алушылардың бірі, жетім балалардың асырап алушы ата-аналары, соғыс ардагерлері және басқа санаттар. Мұндай азаматтардың толық тізбесі ҚР Салық кодексінің 346-бабы 2) және 3) тармақтарында көрсетілген.

БЗТ бойынша салық салынатын табысты айқындау кезінде стандартты салық шегерімдері қолданылмаған зейнетақы төлемдерін алушылар, оларды қолдану құқығы болған жағдайда, шұғыл түрде – 2025 жылғы 31 желтоқсанға дейін (қоса алғанда) – БЖЗҚ-ның жақын жердегі филиалына кірістерді қайта есептеу және ЖТС өтеу үшін стандартты салық шегерімдерін қолдануға өтінішпен және растайтын құжаттармен («Мүгедектігі бар адамдардың орталықтандырылған деректер банкі» ААЖ-да алушының мүгедектігін растайтын мәліметтер болған жағдайда, тиісті растаушы құжаттар ұсыну талап етілмейді) шұғыл түрде жүгінуі қажет.

3)Уақытылы жүгінген кезде ЖТС қалай қайтарылады? Қабылданған өзгерістер қай кезеңде жарамды болады? Стандартты салық шегерімі қолданылғаннан кейін ЖТС алушының жеке зейнетақы шотына, егер ол ұсталған болса, қайтарылады. Егер кейінге қалдырылған ЖТС таңдалса, онда 2026 жылғы 1 қаңтардан кейін ай сайынғы зейнетақы төлемдерін алған кезде оны төлеу жөніндегі міндеттемелер жойылады.

ЖТС қайтару бойынша белгілі бір санаттағы жеке тұлғалардың өтініштері үшін талап қою мерзімін ұзарту 2025 жылғы 31 желтоқсанына (қоса алғанда) дейін қолданыста болады. Өйткені 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстан Республикасының жаңа Салық кодексі күшіне енеді және талап қою ескіру мерзімі қайтадан 3 жылды құрайды.

Сондықтан 2021-2022 жылдары БЗТ пайдаланған және стандартты салық шегерімдерін қолдануға құқығы бар барлық азаматтарға осы құқықты кейінге қалдырмауға және уақытында пайдалануға кеңес береміз!

Сұрақтар туындаған жағдайда байланыс орталығына хабарласуға болады: 1418 (Қазақстан бойынша тегін), 8 (727) 356 10 60 (қалааралық және халықаралық қоңыраулар).

4)Мен 2 топтағы мүгедектігі бар адаммын, салықты қайтару үшін БЖЗҚ-ға құжаттар тапсырдым, ЖТС төлеуді кейінге қалдырылған түрімен 5 000 000,00 теңге БЗТ-дан салықтың толық мөлшері неге қайтарылмағанын түсіндіруді сұраймын?

Естеріңізге сала кетейік, қолданыстағы салық заңнамасына сәйкес тұрғын үй жағдайларын жақсартуға немесе емделуге ақы төлеуге біржолғы зейнетақы төлемдерін (БЗТ) пайдаланған кезде жеке табыс салығын (ЖТС) салымшының таңдауы бойынша төлеуге болады: БЗТ алған кезде немесе кесте бойынша зейнетақы төлемдеріне дейін кейінге қалдырумен. 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап әлеуметтік осал санаттарға жататын тұлғалар БЗТ түріндегі табысқа стандартты салық шегерімдерін қолдануға құқылы.

Бұл ретте БЖЗҚ-дан БЗТ түріндегі салық салынатын табыс сомасы мынадай тәртіппен айқындалады: БЗТ түріндегі табыс сомасынан Салық кодексінің тиісті баптарында көрсетілген салық шегерімдерінің сомасы алынады. Қорытынды қалдық салық салынатын табыс болып есептеледі.

Мысалы, егер салымшының 2021 жылы алған БЗТ түріндегі табысы 5 000 000,00 теңгені құраса, салық міндеттемелері 500 000,00 теңгені құрайды (5 000 000,00* 10%), содан кейін 2021 жылы 882 АЕК мөлшерінде 2 572 794,00 теңге (882*2 917,00 теңге) сомасында стандартты салық шегерімдерін қолданған кезде міндеттемелерді азайту бағытында салық түзетулері жүргізіледі.

Осылайша, салық міндеттемелерінің қалдығы (кейінге қалдырылған ЖТС) 242 720,60 теңгені құрайды, ол былайша есептелген: ((5 000 000,00 - 2 572 794,00)*10%).

Егер Сіз БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдерін алушы болсаңыз және кейінге қалдырылған ЖТС сомасы толығымен немесе ішінара ұсталып, бюджетке аударылған болса, салықты қайтару үшін БЖЗҚ-ға берілген құжаттар негізінде 882 АЕК шегінде бөрішек қалдығын түзете отырып, ЖТС өтеледі және төленеді.

Жаңа Салық кодексінің күшіне енуіне байланысты 2026 жылғы 1 қаңтардағы қалған салық міндеттемелері 2026 жылғы қаңтарда жойылады.

5)Менің жұбайым 2 топтағы мүгедектікке ие және стандартты салық шегерімдерін қолданғаннан кейін салық міндеттемелері қалды. Салық міндеттемелерінің қалдығымен не болатынын түсіндіруді сұраймын?

01.01.2026ж. бастап Қазақстан Республикасының 2025 жылғы 18 шілдедегі № 214-VIII ҚРЗ Салық кодексі қолданысқа енгізілді. Ол БЖЗҚ-дан берілетін зейнетақы төлемдері, Қазақстан Республикасының резидент-жеке тұлғаларының біржолғы зейнетақы төлемдері түріндегі табыстан ЖТС ұстап қалуды тоқтатуды көздейді.

01.01.2026ж. жағдай бойынша БЖЗҚ салымшыларында (алушыларында) бар БЗТ-дан кейінге қалдырылған ЖТС бойынша барлық салық міндеттемелері жойылады.

6) 2026 жылдан бастап қай санаттағы тұлғалар үшін және зейнетақы төлемдерінің қандай түрлерінен ЖТС жойылды? Егер мен жеңілдікке ие азаматтар санатына жатпайтын болсам, БЗТ-дан бұрын ұсталған ЖТС-ты қайтаруға бола ма?

01.01.2026ж. бастап қолданысқа енгізілетін жаңа Салық кодексінің ережелерінде ЖТС зейнетақы төлемдерінің барлық түрлерінен ұсталмайтындығы көзделген. Бұл өзгерістің алушы Қазақстан Республикасының резиденті болып табылмайтын жағдайларға қатысы жоқ. ЖТС, сондай-ақ БЗТ-дан да ұсталмайды. Яғни, Қазақстан Республикасының резиденттері болып есептелетін жеке тұлғаларға БЖЗҚ-дан төленетін зейнетақы төлемдеріне, біржолғы зейнетақы төлемдеріне ЖТС салынбайтын болады.

Жаңа Салық кодексінің ережелерінде бұрын ұсталған ЖТС-ты қайтару көзделмеген, осыған байланысты салымшы ЖТС-ты біржолғы төлеммен бірақ төлеген жағдайда - ол қайтарылмайды.

7)Мен 2 топтағы мүгедек адаммын, мүгедектігі 2024 жылдың қарашасында берілді. Неліктен мен 2022 және 2023 жылдары жүзеге асырған БЗТ-дан кірісті қайта есептеп, ЖТС қайтарудан бас тартылғанын түсіндіруді сұраймын?

Қолданыстағы Салық кодексіне сәйкес стандартты шегерімдер осы салық шегерімдерін қолдану үшін негіз туындаған, бар немесе болған күнтізбелік жылы қолданылады.

БЖЗҚ-ның 2022 және 2023 жылдары жүзеге асырылған БЗТ-ға стандартты салық шегерімдерін қолдануға құқығы жоқ, себебі БЗТ түріндегі табысты алған кезіңізде Сіз мүгедектігі бар адам санатында болған жоқсыз.

БЖЗҚ 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ негізінде құрылды. БЖЗҚ құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналары, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, сондай-ақ «Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкілерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым аударған кепілдік берілген депозит бойынша кепілдік берілген өтемені талап етілмеген сомасы есебінен қалыптастырылған ерікті зейнетақы жарналарын есепке алып, оның есебін жүргізеді, зейнетақы төлемдерін жүзеге асыруды қамтамасыз етеді. Сондай-ақ Қор нысаналы активтер мен нысаналы талаптарды есепке алуы, нысаналы жинақтау шоттарына нысаналы жинақтарды (НЖ) есепке алу мен есептеуді, НЖ төлемдерін оларды алушының банк шоттарына есептеуді, «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасы шеңберінде Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен НЖ қайтарымдарын есепке алуды жүзеге асырады (толығырақ www.enprf.kz сайтында).

АЛАЯҚТАР АЛДАУДЫҢ ЖАҢА ТӘСІЛДЕРІН ИГЕРУДІ САҚ БОЛЫҢЫЗДАР!

Цифрлық технологиялардың белсенді дамуы жағдайында Интернет желісі арқылы мемлекеттік, қаржылық және өзге де электрондық қызметтерге азаматтардың қол жеткізу ауқымы күннен күнге кеңейе түсуде. Алайда, мұнымен қатар интернет-алаяқтық саласындағы қылмыстардың түрлі әдіс-тәсілдері де қарқынды даму үстінде. Сіздерді аса сақ болуға шақырамыз – алаяқтар жылдам дамып келе жатқан жасанды интеллект мүмкіндіктерін белсенді пайдаланып, бейнелер, аудиोजазбалар және адамдардың бет-әлпеті мен дауысын дәл беретін кескіндер жасайды. Азаматтардың ресми құрылымдарға деген сенімін пайдалана отырып, алаяқтар психологиялық қысым көрсетіп, жеке және қаржылық ақпаратқа қол жеткізу мақсатында өздерін көбінесе мемлекеттік органдардың банктердің, құқық қорғау органдарының, байланыс операторларының және басқа ұйымдардың қызметкерлері ретінде таныстырады.

Алаяқтық әрекеттердің алдын алу мақсатында және сіздің қауіпсіздігіңіз үшін «БЖЗҚ» АҚ (БЖЗҚ, Қор) төмендегілерді ескертеді:

-Зейнетақы төлемдерін рәсімдеу үшін ешқандай делдалдың көмегі қажет емес, комиссиялық төлем алынбайды;

-БЖЗҚ қызмет көрсеткені үшін өтемақы алмайды, барлық төлемдер қатаң түрде заң аясында жүзеге асырылады;

-Жинақтардың бір бөлігін тұрғын үйге немесе емделу ақысын төлеу мақсатында пайдалану тек уәкілетті оператор (екінші деңгейдегі банктер) арқылы жүзеге асырылады;

-Мемлекеттік органдардың, банктердің, құқық қорғау құрылымдарының, байланыс операторларының және БЖЗҚ-ның қызметкерлері телефон, электрондық пошта немесе мессенджерлер арқылы дербес деректерді, банк карталарының деректемелерін, SMS-кодтарды және өзге де құпия ақпаратты ешқашан талап етпейді;

-Егер қоңырау шалушы сіздің аты-жөніңізді, тұрғылықты мекенжайыңызды және жұмыс орныңызды білсе, ол оның ресми тұлға екендігін білдірмейді. Қажетті деректердің барлығын түрлі тәсілдермен алуға болады.

Күмәнді қоңырау, хабарлама немесе хат түскен кездегі сіздің әрекеттеріңіз:

-Байланысты дереу тоқтатыңыз.

-Байланысқа шыққан тұлға туралы ақпаратты (хат-хабарлардың скриншоттарын, телефон нөмірлерін, электрондық мекенжайларды, сайттарға сілтемелерді және өзге де деректерді қоса) белгілеп алыңыз.

-Ақпаратты нақтылап, одан әрі қажетті шараларды қабылдау үшін құқық қорғау органдарына немесе тиісті ұйымның (банктің, байланыс операторының және т. б.) қолдау қызметіне хабарласыңыз.

БЖЗҚ қатаң ескертеді! Ақпаратты ресми көздерден алыңыздар және тек заң шеңберінде әрекет етіңіздер.

Барлық сауалдарыңызға жауап алып, зейнетақы жинақтарыңыздан төлем алу және аударуға қатысты ақпараттың дұрыстығын БЖЗҚ бөлімшелерінде де, қашықтықтан да:

-enprf.kz сайты, БЖЗҚ/ЕНПФ ұялы қосымшасы арқылы,

-байланыс орталығының 1418 кәп арналы тегін байланыс нөміріне қоңырау шалу жолымен немесе +7 777 000 1418 нөмірі бойынша WhatsApp арқылы,

-БЖЗҚ-ның Одноклассники, Telegram, Facebook, Вконтакте, X және Instagram сияқты танымал платформалардағы әлеуметтік желілердегі ресми парақшалары арқылы да тексере аласыз.

Жақындарыңызды, әсіресе қарт туыстарыңызды ақпараттық қауіпсіздік ережелерімен таныстырыңыздар.

Сақтық шараларын алдын ала қабылдаңыз, осылайша сіз өзіңіздің жеке деректеріңіздің берік қорғалуын, қауіпсіздігін және құпиялылығын қамтамасыз етесіз.

«БЖЗҚ» АҚ МАМАНДАРЫ ЖИНАҚТАУШЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖҮЙЕСІ ТУРАЛЫ БІРЕГЕЙ ШЕБЕРЛІК САБАҒЫН ӨТКІЗЕДІ

Семинарға офлайн немесе онлайн қатысудың таптырмас мүмкіндігі Жыл сайын «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ (бұдан әрі БЖЗҚ, Қор) БАҚ өкілдерін, блогерлерді, сондай-ақ, журналистика факультеттерінің студенттерін барлық мақсатты аудиториялар үшін қызықты болатын жедел және өзекті материалдарды дайындау құпияларымен бөлісу үшін жинайды.

Биыл бұл іс-шара аралас форматта ұйымдастырылмақ: БЖЗҚ-ның Алматы қаласындағы Орталық аппаратында (Самал-2, 97-үй) офлайн өткізілсе, еліміздің басқа қалаларындағы тыңдаушыларымыз бен спикерлер шараға онлайн қосыла алады.

2025 жылдың 20 қарашасында баяндамалар орыс тілінде, 21 қарашасы күні қазақ тілінде 10-00 бастап 12-00 дейін оқылады.

Курс бағдарламасында түрлі тақырыптар бойынша оқыту модульдері ұсынылады:

- Әлемдегі зейнетақы жүйелерінің түрлері мен негізгі түсініктері, демографиялық трендтердің зейнетақымен қамсыздандыруға әсері. Қазақстандағы зейнетақы жүйесі.

БЖЗҚ қызметі (Неліктен көптеген елдер зейнетақы жүйесінің жинақтаушы және аралас түріне көшуде?)

- Зейнетақы активтерін ҚР ҰБ-тың басқаруы (зейнетақы активтері қалай және қайда инвестицияланатыны туралы таныстырылымды ҚР Ұлттық банкінің басқарушылары ұсынады).

- Зейнетақы жинақтары сенімгерлік басқаруда. Инвестициялық портфельді басқарушы компаниялар туралы ақпаратты қайдан алып оқуға болады?

- Зейнетақы жинақтарынан төлемдер. Зейнетақы төлемдеріне салықтар.

- БЖЗҚ-ның ақпараттық жұмысы.

ЖЗЖ туралы қызық материалды алғашқы көзден алынған ақпараттар негізінде қалай дайындауға болады? (БЖЗҚ-ға, ҚРҰБ-қа, ЕХӘҚМ-ге, ҚНРДА-ға қандай сұраныстармен жүгінген жөн, Жинақтаушы зейнетақы жүйесі туралы ақпарат алудың тікелей арналары: enprf.kz сайты, әлеуметтік желілер, press@enprf.kz, БЖЗҚЕНПФ YouTube-арнасы - қазақстандық және халықаралық сарапшылардың эксклюзивті пікірлері)

Іс-шараға қатысу үшін алдын ала тіркелу қажет. Қатысуға өтінімді өзіңіз туралы:

-ТАӘ,

-БАҚ немесе оқу орнының (студенттер үшін) атауы,

-қатысу күні,

-қатысу форматы (офлайн/онлайн),

-электрондық мекенжайы және Whatsapp телефон нөмірі (шақыру сілтемесін жіберу үшін)

мәліметтерді көрсете отырып, press@enprf.kz электрондық мекенжайына жіберу қажет.

Шақыру сілтемесі Сізге іс-шара басталардан бір күн бұрын жіберіледі.

Семинар бағдарламасы қосымша тіркелген.

БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ КУРСЫ ӨЗ МӘРЕСІНЕ ЖЕТТІ



бағытталған бұл шара жоғары деңгейде өтті.
Іс-шараны ұйымдастырушылар мен қатысушылар спорт саласының дамуына өз үлесін қосып, алдағы уақытта да осындай оқыту бағдарламалары жалғасын табатынына сенім білдірді.

Г.Омарова,
«Спортты дамыту және бұқаралық-спорттық іс-шараларды өткізу дирекциясы» КММ-сі Ескелді аудандық филиалының жетекшісі

2025 жылғы 27-31 қазан аралығында спорт нұсқаушыларына арналған біліктілікті арттыру курсы өткізілді. Аталған курс спорт саласындағы мамандардың кәсіби шеберлігін арттыру, тәжірибе алмасу және заманауи әдістемелерді меңгеру мақсатында ұйымдастырылды. Апта бойы тыңдаушыларға дене шынықтыру мен спорт саласындағы өзекті тақырыптар бойынша дәрістер оқылып, тәжірибелік сабақтар жүргізілді. Сонымен қатар, қатысушылар түрлі жаттығу түрлерін талдап, жаңа әдіс-тәсілдерді іс жүзінде қолдану мүмкіндігіне ие болды. Курс соңында қатысушыларға арнайы куәлік табысталып, олардың кәсіби деңгейін көтеруге

АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ ПРИЕМ ГРАЖДАН



Қабылдау күні: әр бейсенбі
Уақыты: сағат 15:00-ден 18:00-ге дейін
День приёма: каждый четверг
Время: с 15:00 до 18:00 часов
Қабылдауға жазылу: Запись на приём: +7 771 746 5582
Мекенжайы: Жетісу облысы, Ескелді ауданы, Қарабұлақ ауылы, Балпық би көшесі № 110
Адрес: Область Жетісу, Ескельдинский район, село

Карабулак, улица Балпык би № 110

ТЫНЫСБЕКОВА ГАУХАР КАРИМОВНА
Жетісу облысы Ескелді аудандық сотының төрағасы
Председатель Ескельдинского районного суда области Жетісу

АҚЫН САРА АУЫЛЫНДА ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚ ЖАРЫСЫ

2025 жылдың 4 қараша күні Ақын Сара ауылында тұрғындар арасында тоғызқұмалақтан жарыс ұйымдастырылды. Жарыстың мақсаты — ұлттық ойындарды дәріптеу, тұрғындардың бос уақытын тиімді пайдалану және зияткерлік қабілеттерін дамыту болды. Ойын барысында қатысушылар өз шеберліктерін көрсетіп, тартысты ойын өрнегін ұсынды. Жарыс нәтижесінде: 1-орын — Сейтхан Алинұр 2-орын — Ардақбек Бағдар 3-орын — Қабдешов Ертуған иеленді. Жеңіске жеткен спортшылар «Спортты дамыту және бұқаралық-спорттық іс-шараларды өткізу дирекциясы» КММ-сі Ескелді аудандық филиалының атынан арнайы медальдар мен грамоталармен марапатталды.

Бұл жарыс тұрғындар арасында ұлттық құндылықтарға деген қызығушылықты арттырып, тоғызқұмалақ ойынының дамуына серпін берді.

Г.Омарова,
«Спортты дамыту және бұқаралық-спорттық іс-шараларды өткізу дирекциясы» КММ-сі Ескелді аудандық филиалының жетекшісі



АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖАНУАРЛАРЫНЫҢ ТУБЕРКУЛЕЗИ

Мал шаруашылығы ұлттық экономиканың тұрақтылығын, азық-түлік қауіпсіздігін және ауылдық аумақтардың әлеуметтік әлеуетін айқындайтын басты стратегиялық бағыттардың бірі. Осы маңызды жүйенің тұрақтылығын бұзатын басты індеттердің бірі ауыл шаруашылығы жануарларының туберкулезі. Қазіргі таңда әлемдік ветеринариялық және эпизоотиялық ахуалда мал туберкулезі ең күрделі әрі қауіпті індеттердің бірі болып саналады. Бұл дерттің залалы тек бір шаруашылықтың немесе бір өңірдің шеңберінде қалмайды, ол ұлттық азық-түлік қауіпсіздігіне, экспорттық әлеуетке және халықтың денсаулығына тікелей әсер етеді.

Туберкулездің қоздырғышы — *Mycobacterium bovis*, яғни туберкулез микобактериясы. Ол сыртқы ортада айлап, тіпті жылдап сақтала алады. Қарапайым дезинфекцияға төзімді, ыстыққа да, суыққа да бейім. Ауру негізінен ірі қара мен шошқа, сирек жағдайда қой, ешкі, жылқы және түйе арасында тарайды. Бірақ ең алғандатарлығы бұл дерттің зооноздық сипаттағы адамға жұғу мүмкіндігі. Адамдар көбіне ауру малдың сүтін қайнатпай ішкенде немесе ішкі етін тұтынғанда, сондай-ақ қорада жұмыс істеген кезде жұқтырып алады. Сондықтан ветеринариялық және санитариялық талаптарды сақтау тек мал денсаулығы үшін емес, адам өмірі үшін де маңызды міндет. Инфекцияның негізгі көзі ауру мал. Қоздырғыш ағадан жөтел, сүт, зәр және нәжіс арқылы бөлінеді. Малдан адамға жұғу қаупі бар, сондықтан туберкулез зооноздық сипаттағы індет. Туберкулездің клиникалық белгілері жасырын дамиды, сондықтан ауруды ерте анықтау күрделі. Ауру малда салмақ жоғалту, жөтел, тыныс алудың қиындауы, желіннің қабынуы, желке және мойын лимфа түйіндерінің ұлғаюы сияқты белгілер байқалуы мүмкін. Туберкулезді ерте анықтаудың жалғыз тиімді жолы ветеринариялық қызметкерлер туберкулин сынамасын уақытылы жүргізуі. Сонымен қатар қазіргі таңда ПТР, иммуноферменттік талдау сияқты жоғары дәлдікті зертханалық әдістер қолданылады. Бұл тәсілдер ауруды жасырын кезеңінде анықтауға мүмкіндік береді.

Алдын алу және күрес шаралары: Ветеринариялық дәрігерлерің барлық мал басынан жыл сайын туберкулин сынамасынан өткізуге көмектесу. Қора-жайларды, құрал-жабдықтарды және мал тұрған аумақты толық зарарсыздандыру. Жаңадан сатып алған малды бөлек ұстап, табынға қоспай тұрып ветеринарлық бақылаудан өткізу. Қора-жайды жүйелі түрде дезинфекциялау. Ауру белгілері бар жануарды дереу оқшаулап, ветеринариялық маманға көрсету. Сүт пен ет өнімдерін ветеринариялық анықтамасыз сатып алмау. Бұл талаптардың әрқайсысы тек бір малдың емес, тұтас өңірдің эпизоотиялық қауіпсіздігін қорғауға бағытталған. Мал туберкулезі тек ветеринариялық емес, сонымен қатар қоғамдық денсаулық сақтау мәселесі. Инфекция адамға жұққан жағдайда, ол өкпе мен басқа мүшелерді зақымдап, ұзақ емді қажет ететін күрделі ауруға айналады. Ауыл шаруашылығы жануарларының туберкулезіне қарсы күрес тек ветеринарлардың міндеті емес, бүкіл қоғамның ортақ жауапкершілігі. Әрбір шаруашылық иесі биологиялық қауіпсіздік нормаларын мұлтіксіз орындап, ветеринариялық қызметпен тығыз байланыста болуы қажет. Тек осындай жүйелі және ғылыми негізделген тәсіл арқылы ғана еліміздің мал шаруашылығын індеттерден қорғап, халықтың денсаулығын сақтай аламыз.

ҚИЯЛБЕКОВ ЕРІК ТЫНЫШТЫҚҰЛЫ

ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Ескелді аудандық аумақтық инспекциясының Бас Мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторы

Ғ.Қ. КЕРІМБАЕВ,
ҚР АШМ АӨК МИК Ескелді аудандық аумақтық инспекциясы өсімдіктерді қорғау және карантині жөнідегі мемлекеттік инспекторы

НАВАРЛАНДЫРУ

Құрметті салық төлеушілер!

Мемлекеттік кірістер комитеті жаңа «Салықтық әкімшілендіру интеграцияланған жүйесіне» (СЭИЖ) көшуге байланысты Салықтарды, бюджетке төленетін төлемдерді, кедендік төлемдерді, өсімпұлдарды, пайыздар мен айыппұлдарды есепке жатқызу және (немесе) қайтару жүргізуге салық өтініші 2025 жылғы 4 қарашадан бастап Салық төлеушінің жаңа кабинетінде (СЭИЖ СТК) қолжетімді болады.

СЭИЖ СТК-не кіру үшін <https://knp.kgd.gov.kz> сілтеме арқылы өтуге болады.

Сұрақтар туындаған жағдайда қолдау қызметінің knpzd@ecc.kz электронды мекен-жайына хабарласа аласыз.

Назарларыңызға: СЭИЖ СТК жүйесінің функционалы іске қосылуына байланысты, көрсетілген нысанды ескі СТК арқылы ұсыну мүмкіндігі бұғатталатынын ескертеміз.

Құрметпен, Ескелді ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер Басқармасы !

Уважаемые налогоплательщики!

Комитетом государственных доходов в связи с переходом на новую «Интегрированную систему налогового администрирования» (ИСНА), с 4 ноября 2025 года в новом Кабинете налогоплательщика ИСНА (КНП ИСНА) будет доступно для представления Налоговое заявление на проведение зачета и (или) возрата налогов, платежей в бюджет, таможенных платежей, пеней, процентов и штрафов.

Для входа в новый Кабинет налогоплательщика ИСНА необходимо пройти по ссылке <https://knp.kgd.gov.kz>.

В случае возникновения вопросов вы можете обращаться на электронный адрес knpzd@ecc.kz службы поддержки ИСНА.

Обращаем внимание, что в связи с запуском функционала в КНП ИСНА, возможность представления указанной формы посредством старого КНП будет заблокирована.

С уважением,
Управление государственных доходов Ескельдинского района!

Меншік иесі: «ЕСКЕЛДІ ЕЛІ» ЖШС директор - бас редактор Инкар Ерболқызы НҰРСҰЛТАНОВА. Редакцияның телефоны 3-19-15	Газет қазақ және орыс тілдерінде аптасына бір рет жұма күні шығады.	Эл. мекенжайымыз: Eskeldi_eli@mail.ru Газет ҚР Инвестициялар және даму Министрлігінің байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2015 жылғы 16 қарашада тіркеліп, № 15692-Г куәлігі берілген. Регистрационное свидетельство № 15692-Г от 16 ноября 2015г. выдано Министерством по инвестициям и развитию РК, комитетом связи, информатизации и информации.	Газет материалдары редакцияның компьютерлік орталығында беттеледі. Газет «Гамма-принт» Республикалық полиграфиялық баспа кешені» ЖШС-ның баспаханасында басылады. Баспаханың мекен-жайы: 050061, Алматы қаласы,Райымбека көшесі, 369-үй	Редакция мекенжайы: индекс 040500 Қарабұлақ ауылы, Сатпаева көшесі, 67 үй.	Осы шығарылымның таралымы 1900 Тираж 1900 Тапсырыс 1616 Көлемі 2 баспа табақ.	Авторлардың мақалалары редакцияның көзқарасын білдірмейді. Опубликованные материалы не обязательно отражают точку зрения редакции. Компьютерная верстка Д.ДАУРЕНҚЫЗЫ
--	---	---	---	--	---	--